

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 150 (9468)

1954 жылғы 30 июль Жұма

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Партия мен ССРО үкметі басшыларының Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болуы. (1-бет).

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).

СТАВРОПОЛЬДІКТЕРДІҢ БАСТАМАСЫНА ЖАУАП. Күн сайын 3 норма орындап, 1080 центнерден астық бастырамыз. Қ. Таев.— Менің уәдем (2-бет).

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде (2-бет).

Кәсіподақ ұйымдарының айбынды міндеттері (2-бет).

САУДА ЖҰМЫСЫ ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ ӨСКЕЛЕН ТАЛАБЫ-
НА САЙ БОЛСЫН: С. Овчинникова.— Азық-түлік сатуға
үзіліс болмасын. Ф. Морозов.— Елеулі кемшіліктер (3-бет).

Т. Аяғанов.— Баян МТС-де (3-бет).

Қ. Батпенев.— Шоферлар даярлайтын мектепте (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: У. Құсайынов.— Біріне бірі сілтейді
(3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Колхоздардың егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспары

Облыс ауыл шаруашылығының еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет Үкметінің аса зор қамқорлығы арқасында бытыл көктемнің кеш басталуына, ауа райының қолайсыз болуына қарамастан, егін жұмыстарын қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары сапада өткізді. Тын және тыңайған жерлерді игеру есебінен ауылшаруашылық дақылдары егісінің оның ішінде аса баралы азық-түліктік дақыл—жаздық бидай егісінің көлемі едәуір ұлғайды.

Бұл күндері барлық колхоздардың далаларында егін бітік өсіп, пісіп-жетіліп келеді. Бүкіл ауылшаруашылық жұмыстарының аса маңызды және қорытынды кезеңі болып табылатын егін жыйнау, астық дайындау науқанының басталуына санаулы ғана күндер қалды.

Партия мен үкмет егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарын механикаландыруға ерекше назар аударып отыр. Осының нәтижесінде біздің облыс МТС-терінің комбайн парктері бытыл өзігінен жүретін, тракторға тіркелетін қана комбайндармен анағұрлым толықтырылды және толықтырылуда. Егер комбайндардың қуатын дұрыс, неғұрлым өнімді пайдалана білсек, МТС-тер мен колхоздардың күш-мүмкіншіліктерін барынша толық жұмылдыруды ұйымдастырсақ, егін жыйнауды қысқа мерзім ішінде, ырапсыз өткізуге, әрбір колхоз бойынша мемлекетке міндетті түрде астық тапсырудың, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеудің және мемлекетке астық сатудың белгіленген жоспарларын ойдағыдай орындауға болады.

Бірақ, бірқатар МТС-тердің комбайн паркін жұмысқа әзірлеуді кешігуі делініп отырғаны айта кетілуіміз керек. Бұл жөнінде, әсіресе, Қонюхов ауданындағы Чистяк, Ленин ауданындағы Ильич атындағы, Октябрь ауданындағы Коновалов, Преснов ауданындағы Майбалық МТС-тері және Ирешім, Совет аудандарындағы МТС-тер өрескел артта қалып отыр. Бұл аудандардың басшылары және МТС-тердің дирекциялары мен партия ұйымдары комбайн паркін жұмысқа әзірлеудегі орын алып отырған кемшіліктерді неғұрлым тез жоюды, егін жыйнайтын машиналарды әзірлеу ісін тез аяқтауды, комбайн агрегаттарын маман механикаторлармен толықтыруды қамтамасыз етулері қажет.

жоспарын жасауды осы тұрғыдан ұйымдастырып отыр. Мысалға Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозының жұмыс жоспарын алуға болады. Мұнда егін жыйнау жұмыстарын 20 жұмыс күні ішінде аяқтап шығу белгіленген. Бұл үшін жоспарда әрбір бригаданың атқаратын жұмысының көлеміне қарай оларға комбайндарды, егін жыйнайтын басқа да машиналарды, астық тазартатын машиналарды бекітіп, бригадалардың күндіз тапсырмалары көрсетілген. Бригадалардың тұрақты құрамы тағайындалған. Олардағы колхозшылар мен механизаторлардың күн сайын не істейтіні нақтылы көрсетілген. Сол сияқты егін орағы кезінде пісіп жыйнау, парды отамалы дақылдар егінді жұту, зяб жұрту, күздік егу жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізудің шаралары колхоздың ішкі мүмкіншілігіне толық сәйкес белгіленген. Мұндай мысалдарды Ирешім, Соколов аудандарының көптеген колхоздарының жасаған жұмыс жоспарларынан да келтіруге болады.

Дегенмен көп колхоздарда егін жыйнау кезіндегі жұмыстардың жоспарын жасауды аяқтау тәсіліне ұзаққа созылып келеді. Осы уақытқа дейін Полудень ауданының 18 колхозы, Мамлют ауданының 11 колхозы, Қонюхов ауданының 10 колхозы жұмыс жоспарын жасауды аяқтамаған жоқ. Жұмыс жоспарын жасаудың мұншама кешіктірілуінің басты себебі МТС басшыларының комбайн агрегаттарын жөндеуді және оларды маман кадрлармен толықтырып, МТС қамтуындағы колхоздарға бөлуді аяқтамауында болып отыр. Көп колхоздардың басшылары егін орағы кезінде колхоз даласында қанша комбайн жұмыс істейтінін білмейді. Мұның өзі бригадалардың жұмыс жоспарын жасауға бөгет болып келеді. Ал, МТС басшылары комбайн агрегаттарын әзірлеу, оларды МТС қамтуындағы колхоздарға жіберуді тездету шараларын жүзеге асырмай, әлі де арқаны кеңге салып жүр.

Колхоздың күш-мүмкіншіліктерін толық есепке алып, ол мүмкіншіліктерді тиімді пайдалану тұрғысынан жасалған жұмыс жоспары егін орағы кезіндегі барлық жауапты міндеттерді ойдағыдай шешуге көмектеседі. Сондықтан жоспар жасауды кешігуі делітүге, оны үстірт жасай

Партия мен ССРО үкметі басшыларының Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болуы

25 июльде партия мен Совет Одағы үкметінің басшылары К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, В. М. Молотов, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев және Н. Н. Шаталин жолдастар Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болып, павильондарды, құрылыстарды, экспонат ретінде егілген және отырғызылған дақылдар участоктерін, сол сияқты бау мен малшаруашылық фермаларын көрді.

Партия мен үкмет басшыларының жанына Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Бас комитетінің председатели, ССРО Ауыл шаруашылығы министрі И. А. Бенедиктов және көрменің директоры академик Н. В. Цицин еріп жүрді, және түсініктер берді.

Павильондарда, экспонаттың егін участоктері мен малшаруашылық фермаларында көрмеге қатысушы—ауыл шаруашылығының озаттары өздерінің жетістіктері туралы және көрмеде қойылған экспонаттары туралы айтты.

К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, В. М. Молотов, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев және Н. Н. Шаталин жолдастар Бас павильонмен, Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру павильонымен, Украин ССР-нің, Қазақ ССР-нің, Грузия ССР-нің, Армян ССР-нің, Азербайжан ССР-нің, Эстон ССР-нің, Латыш ССР-нің, павильондарымен және Су шаруашылығы павильонымен толық танысты.

Партия мен үкметтің басшылары Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі социалистік ауыл шаруашылығының өскендігі мен жетістіктерін, колхоз және совхоз өндірісін өркендетудегі табыстарды кеңінен бейнелейтіндігін атап көрсетті. Көрме озат тәжірибе мен ауылшаруашылық ғылыми жетістіктерінің тамаша мектебі болып табылады. Көрмеге қатысушылардың тәжірибесін барлық колхоздардың, машина-трактор станциялары мен совхоздардың жұмыс практикасына кеңінен енгізу ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің қуаты қайнар бұлағы болады. ССРО Ауыл шаруашылығы министрі мен ССРО Совхоздар министрі, жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдары Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесін озат тәжірибе мен ғылымның жетістіктерін кеңінен насихаттап, өндіріске енгізу, маман кадрлар даярлау және колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың және барлық ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің арасында социалистік жарысты өрістетуге үшін пайдалануға міндетті.

Партия мен үкметіміздің басшылары әрбір гектар жерді шебер пайдаланып, әр 100 гектар егістен, шабындық пен жайылымдықтан өнімді барынша мол алушы озат колхоздар мен совхоздардың тәжірибесін неғұрлым кеңінен көрсетіп, насихаттау қажеттігіне назар аударды.

Дәнді дақылдардан мол өнім алуы

мик Цицин тағы бір участокті көрсетті, онда бидай-бидайық буданын көктемде алдымен малға көкшөп ретінде шауып алу, ал, қайта өскен соң астыққа арнап оғу жөніндегі тәжірибе ойдағыдай өткізілген болатын. ССРО Совхоздар министрі мен ССРО Ауыл шаруашылығы министрі еліміздің әртүрлі аймақтарының топырақ және климат жағдайларын ескере отырып, бұл сортты совхоздар мен колхоздардың егін далаларына кеңінен тарату ұсынылды.

Партия мен үкмет басшылары оғу участогінде шаршы-ұялап отырғызылған картоп пен оғу дақылдарын, оғу және бакша дақылдарының өнімді мол беретін алуан түрлі сорттарын көрді. Көзір мол өнім өсіп отырған 7 гектардан аса жерді алып жатқан бау мен жидектерді түгел аралап көрді.

Көрмеде малдардың өнімді мол беретін әртүрлі тұқымы зор көңіл бөліп көрілді. Колхоздардың малшаруашылық фермалары бөлімінде Кострома облысының Кострома ауданындағы «ХП-Октябрь» колхозының зоотехнигі Социалистік Еңбек Ері А. М. Лиценко партия мен үкмет басшыларына колхоз фермасының сыйыр табынын көрсетті, ондағы әр сыйырдан орта есеппен 5.012 килограмнан сүт сауылады.

Архангель облысының Холмогор ауданындағы «Новая жизнь» колхозының зоотехнигі П. Е. Фомина холмогор тұқымы сыйырларының табынын көрсетті. Бұл колхозда әр 100 гектар егістікте, шабындық пен жайылымдықта әрбір сыйырдан орта есеппен 4.615 килограмнан сүт сауылатын 17 сыйырдан келеді. 1953 жылы «Новая жизнь» колхозы әр 100 гектар егістікте, шабындық пен жайылымдықта 762 центнерден сүт сауды.

Партия мен үкмет басшылары рекордты өнім беретін малдарды өсіріп, көрмеге әкелген көрмеге қатысушылармен—колхозшылармен және совхоз жұмысшыларымен әңгімелесті.

Черкасс облысының Золотоношск ауданының «Большевик» колхозының сауыншысы Социалистік Еңбек Ері, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты Е. А. Кириченко бір топ сыйырларды көрсетті, ол бұл сыйырлардың әрқайсысынан 1953 жылы орта есеппен 7.865 килограмнан сүт сауды. Чернигов облысының Мало-Девичк ауданының Киров атындағы колхозының сауыншысы М. Н. Стельмах маусымна 12.783 килограмн сүт берген. «Зозуля» деген сыйырды көрсетті. «Караваев» совхозының бригадирі Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Л. П. Иванова мен осы совхоздың сауыншысы А. П. Смирнова көрмеде көрсетуге қойған кострона тұқымының бір топ сыйырлары туралы әңгімеледі, олардың ішінде, әсіресе, жылына 13.572 литр сүт беретін «Комса» деген сыйыр көзге түседі.

Көрменің мал шаруашылығы бөлімінде, мұнымен қатар, ССРО-да өсірілетін өнімді мол беретін қойлардың

Советтік Қазақстанда

Еңбектегі зор белсенділік

ШЫМКЕНТ, (ҚазТАГ). Орталық статистика басқармасының хабарын Оңтүстік Қазақстанның колхоздарының егіс даласының еңбекшілері зор қуаныш сезімімен қарсы алды. Көптеген ауылшаруашылық артельдерінің егіс қостарында бұл документті коллективте дауыстап оқу ұйымдастырылды. Арыс ауданының «III Интернационал» ауылшаруашылық артелиіндегі егіс бригадасының бригадирі Құрманәлі Көшенов былай деді:

—Біздің халқымыз жаңа зор табысқа жетті. Товарлы өнім шығару өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 14 процент артты. Халық тұтынатын товарлар шығару мықтап артты, өнімнің өзіндік құны кемітілді, еңбек өнімділігі артты. Отанымыз бұрынғыдан да қуатты болуы үшін біз егін жыйнауды мерзімінен бес күн бұрын аяқтауға, мемлекет алдындағы бірінші парызы 1 августан қалдырмай өтеуге міндеттенеміз.

Сайрам ауданының «Ленинский путь», Ильич ауданының Шверник атындағы артельдерінің және басқа көптеген артельдердің колхозшылары көтеріңкі міндеттемелер алды.

КОМБАЙНШЫЛАРДЫҢ ЖАРЫСЫ

АҚТӨБЕ, (ҚазТАГ). Облыстың комбайншылары ставропольдіктердің шақыруы бойынша жұмыс нормасын асыра орындау, көптеген астық бастыру үшін жарысқа түскен.

...«Сталинец—6» комбайны кең егістікпен жылжып келеді. Машинаның штурвалын егін жыйнаудың Ақтөбе МТС-індегі атақты мастері Виктор Червяков басқарып отыр. Егін сабағы биік етіліп орылуда, агрегат сағаттық график бойынша жұмыс істейді. Червяков, Родников ауданының Молотов атындағы колхозында бес күннің ішінде 150 гектардан аса егін жыйнап, маусымдық тапсырманың тең жарымын орындады.

Жұмыс қарқыны күн санап үдеуде. Комбайншы кеше 35 гектар масақты дақыл орды. Бұл тапсырмадағыдан анағұрлым көп. Колхоз алаңында

ойдағыдай өткізуді дұрыс жоспарлаудың ерекше зор маңызы бар. Әрбір МТС пен колхоздың егін жыйнау кезіне арналған жұмыс жоспарында егін жыйнайтын машиналарды, транспортты және еңбектің басқа да резервтерін жұмыс салаларына бөлуді, оларды тиімді пайдалануды неғұрлым тынақтылықпен қарастыру керек. МТС, колхоз басшылары мен мамандар күш-мүмкіншіліктерді жұмыстың әрбір саласына бөлгенде, оларды тиімді пайдаланылатын етіп бөлуге тиіс. Жұмыс жоспарында әрбір комбайн агрегатының маусымдық және күндік істейтін жұмысы нақтылы көрсетілугі керек. Сол сыяқты, сменалық тапсырмалардың толық және асыра орындалуын, жұмыстың сапалы болуын, қамтамасыз ететін шаралар белгіленуі қажет. Жұмыс жоспарында астықты тазарту, келтіру, дайындау орындарына жеткізу жұмысын барынша өнімді жүргізудің шаралары белгіленуі тиіс.

Жұмыс жоспарында тек егін жыйнау, астық дайындау жұмыстары ғана жоспарланып қоймай, бұл жұмыстармен қатар жүргізілетін мал үшін жемшөп дайындау, парды, жеш жыйналатын дақылдар егісін құту, зяб жүрту, тың жерді игеру, күздік егу жұмыстарын да толық қамту керек. Жоспардың неғұрлым нақтылы және әрбір колхоздың мүмкіншіліктеріне сәйкес жасалуы үшін оны жасауға МТС пен колхоздың мамандары, механизаторлары мен колхозшылар кеңінен қатыстырылуы тиіс.

Облысымыздың бірқатар МТС-тері мен колхоздары егін жыйнау кезіндегі жұмыс

салтуға болмады. Мұны әрбір МТС пен колхоз басшылары түсіне білуге тиіс.

Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарын үлгілі өткізу техника қуатын өте тиімді пайдалануға байланысты. Олай болса, әрбір колхозда комбайн агрегаттары ойдағыдай қамту шараларын алдын-ала дұрыс белгілеп, оны мүлтіксіз жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажет.

Егін жыйнау, қырмандағы астықты қолма-қол тазартып, келтіріп, дайындау орындарына, колхоз қоймаларына тез жөнелтін отыру жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізу үшін барлық колхозшыларды жұмысқа толық қатыстырып, оларды өнімді еңбек етуге жігерлендіріп отыру керек. Бұл үшін партия, комсомол ұйымдары үгіт-бұқаралық жұмыстарын кеңінен өрістетіп, колхозшыларға, механизаторларға егін орағы жұмыстарының маңызын барынша терең түсіндіруге міндетті. Сменалық нормаларды үнемі артығымен орындау мақсаты көзделген егіншілердің өзара социалистік жарысын ұйымдастырып, оны күнбе-күн басқарып отыру қажет. Егін жыйнау жұмысына МТС-тер мен колхоздардың барлық еңбек резервтерін толық қатыстырумен, оларды еңбек өнімділігін арттыруға жұмылдырумен қатар, колхозшылар мен механизаторларды мәдени-тұрмыс жағынан қамту ісін үнемі жақсартып отыру қажет.

Колхозшылардың механизаторлардың ұйымшылдықпен еңбек етуі егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының жоспарлы түрде жүргізілуіне тікелей байланысты.

міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды қамтамасыз еткен және мемлекетке сату ретінде көптеген астық сатқан озат колхоздардың, совхоздардың, аудандардың көрмеде көрсетілген тәжірибесі партия мен үкмет басшыларының назарын аударды. Көрмеде кеңінен көрсетілетін Краснодар өлкесінің Коренов ауданы 1952—1953 жылдарда 29.360 гектар егінің әр гектарынан орта есеппен 21,8 центнерден дәнді дақыл жыйнауға жетті. Челябинск облысының Верхне-Уральск ауданы 1953 жылы 60 мың гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 19,7 центнерден өнім алды. Осы ауданның «Петропавловский» совхозы 18,7 мың гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 22,4 центнерден астық жыйнады. Қазақ ССР-нің павильонында озат колхоздар мен совхоздардың тың жерлерді игерудегі тәжірибесі көрсетілген. Көкшетау облысының Рузаев ауданындағы «Путь к свету» колхозы 1953 жылы 716 гектар тың жерге егілген жаздық бидайдың әр гектарынан 29 центнерден өнім жыйнады.

Ауыл шаруашылығын механизандыру және электрлендіру павильонында тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының ең жаңа түрлері мен маркалары қойылған. Бұлар социалистік ауыл шаруашылығын өнеркәсіппен даруландырып отырған қуатты техниканың алуан түрлерін бейнелейді. Көрменің Бас комитетіне және дирекциясына павильонда тың жерлерді өңдеуге арналған машиналар мен құрал-саймандарды да неғұрлым кеңінен көрсету қажеттігі ескерілді.

Экспонат ретінде егілген дәнді дақылдар учасоктерінде академик Н. В. Цицин оның өзі және оның қызметкерлері өсіріп шығарған № 1 бидай-бидайық буданының сартымен таныстырды; көрсетілетін учасокте онан алынатын өнім әр гектарынан 70 центнерге дейін күтіледі. Осы жерде акаде-

тары көрілді.

«Қой шаруашылығы» павильонында Ставрополь өлкесінің Левомумек ауданындағы «Красный буденновец» колхозының меншігіндегі кавказ тұқымдас № 171 қошқар ерекше көзге түседі. Бұл қошқардың тірідей салмағы 126 килограмм, жылына 23,2 килограмм биязы жүн береді.

Краснодар өлкесінің «Венцы-заря» совхозы көрмеге тірідей салмағы 530 килограмм «Самоучка» деген қабанды әкелген.

Көрменің ат қораларында Арзамас облысының Починков ауданындағы «День урожая» колхозынан әкелінген советтік ауыр жүк тартатын жылқы тұқымынан «Сатур» деген айғыр көрсетілді; бұл айғыр 15 тонна 453 килограмм жүк тартып, жүк тартудан рекорд жасаған болатын. Москваның бірінші жылқы заводынан әкелінген ореалдік желгіш жылқы тұқымынан «Квадрат» деген айғыр 1.600 метр қашықтықтан 2 минут 8 секундта желін өтеді.

Мұнымен бірге, көрменің басқа экспонаттары да көрілді. Партия мен үкметіміздің басшылары көрме қызметкерлері коллективінің көрмені салу, нақыштау және қорғалдыру жөнінде жүргізген зор жұмысын атап көрсетті.

Осы сыяқты, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының көрмеге қатысушыларды іріктеп алу және экспонаттарды әзірлеу жөнінде істеген үлкен жұмысы да аталып көрсетілді. Партия мен үкмет басшылары Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендетуге, совет елінде ауылшаруашылық азық-түліктерінің молшылығын неғұрлым тез жасауға көмектесетіндігіне сенім білдірді.

изатор Апельгаңд төрт күндік ішінде 127 гектар бидай жыйнады. Комбайншылар Иван Дик, Андрей Бек, Николай Иванов, Евгений Гаврилов, Василий Панченко және басқалары көп астық бастыруға жетуде.

ЕҢБЕККҮНГЕ АВАНС РЕТІНДЕ АСТЫҚ БЕРУ

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбыл ауданының Сталин атындағы колхозы мемлекетке астық тапсыру жоспарын өткен жылдардан бір ай бұрын орындап, МТС-пен жүргізілген жұмыс үшін толығынан есен айырысты, тұқым құю жұмысын аяқтағалы отыр. Артель басқармасы кеше егіншілер мен малшыларға еңбеккүнге аванс ретінде астық беруге кірісті.

Бұзау өсіруші Софья Шевченкоға тапқан еңбек күні үшін аванс ретінде 60—80 пұт бидай берілді, овош өсіруші Машира Кушетнирова мен басқа колхозшылар да осынау астық алды.

Свердлов, Луговой және Шу аудандарының ауылшаруашылық артельдерінің колхозшылары еңбеккүнге аванс ретінде астық алуда. Әрбір еңбеккүнге бір жарым-екі килограмнан бидай аванс беріледі.

МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚ САТУДА

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстанның озат ауылшаруашылық артельдері астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады, жаңа егінің астығын мемлекетке сата бастады.

Аманкелді атындағы колхоз мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру жоспарын Арыс ауданында бірінші болып орындады. Колхозшылар өз мүмкіншіліктерін есептеп, мемлекетке 6.000 пұт бидай сатуды, бұл астықты 1 августқа дейін тиісті орындарға жеткізуді ұйғарды. Колхоз кеше дайындау пунктіне осы міндеттеме есебінен алғашқы бір мың пұт сапалы астық тасып жеткізді.

Оңтүстік Қазақстанның басқа колхоздары Аманкелді атындағы колхоздан үлгі алды.


КОЛХОЗ БАУЛАРЫНДА

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Облыстың колхоз бауларында алманың «белый налив» сортын жыйнау басталды. Быйыл алманың бұл сортынан өткен жылдағыға қарағанда екі есе артық өнім алынады.

Жамбыл ауданының «Красная звезда» ауыл шаруашылығы артелинің бауында бұл күндерде жұмыс қыза түскен. Социалистік Еңбек Ері Айтқан Вегембаевтың бригадасы кәзірдің өзінде ерте пісетін алма сортының жүздеген центнерін жыйнады. Жүзім пісіп келеді. Быйыл жеміс сатудан кемінде жарты миллион сом табыс алу белгіленді.

Свердлов, Мерке, Қордай және Жуалы аудандарының колхоздарының бауларында тез пісетін алма сорттары жыйналып жатыр.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде



Украин ССР-нің павильоны.

Суретті түсірген Н. Грановский.

(СОТА-ның фотохроникасынан).

Ж. Ж. Жұмалиев жолдасты Қазақ ССР Балық өнеркәсіп министрі етіп тағайындау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Жұмағазы Жүсіпұлы Жұмалиев жолдас Қазақ ССР Балық өнеркәсіп министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.
Алматы қаласы,
27 июль, 1954 жыл.

Республика кәсіпшілік кооперациясы Советінің жыйналысы

Бүгін Алматыда Қазақ ССР кәсіпшілік кооперациясы Советінің жыйналысы аяқталды, ол көпшілік тұтынатын товарлар өндіруді арттыру, тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарда МТС механизаторларының, совхоз жұмысшыларының және колхозшылардың тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту туралы мәселе қарады. Қазақстан кәсіпшілік Советі басқармасының председателі Ержанов жолдас баяндама жасады.

Республика еңбекшілерін көпшілік тұтынатын товарлармен қамтамасыз етуде кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындары зор орын алады. Олар жартыжылдық өндірістік жоспарды асыра орындады. Өткен жылы осы уақытпен салыстырғанда көпшілік тұтынатын товарлар өндіру 69 миллион сомға артты. Ең қажетті заттардың жаңа түрлерін көптеп өндіру игерілді. Үстіміздегі жылы ауыл

шаруашылығының қажеті үшін 7 мыңнан астам жүгері сеппін, жанармай қуатын көптеген металл ыдыстар, трактор бригадалары үшін жанармай тасыйтын арбадар дайындалды. Тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарда 111 жаңа мастерской ұйымдастырылды, еңбекшілерді тұрмыс жағынан қамтытын 52 жылжымалы бригада жұмыс істейді.

Жыйналысқа қатысушылар кооперативтік кәсіпорындарының жұмысының елеулі кемшіліктерді атап көрсетті. Көпшілік тұтынатын товарлар өндіруді арттырудың резервтерінің табылуы және пайдаланылуы жеткіліксіз. Дайындалатын өнімнің сапасы әлі де қанағаттанғысыз.

Совет Қазақстан кәсіпшілік кооперациясының жұмысын жақсартуға бағытталған қаулы алды.

Ставропольдіктердің бастамасына жауап



СУРЕТТЕ: Сартомар МТС-нің механизаторлары — ильяшенколар: (солдан оңға қарай) Федор Ильяшенко, Николай Ильяшенко, Василий Ильяшенко, Домна Ильяшенко, К. Нальшев, Евдокия Ильяшенко, Николаи Ильяшенко, Вера Ильяшенко, Лидия Ильяшенко, Степан Ильяшенко.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Күн сайын үш норма орындап, 1080 центнерден астық бастырамыз

Патриоттар семьясының көтеріңкі міндеттемесі

Еліміздің барлық еңбекшілері СОКП Орталық Комитеті сентабрь, февраль-март Пленумдарының қаулыларын орындау күресіне өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдырып, егіншілік мәдениетін арттыруда, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға ие болуда. Ауыл-село еңбекшілерінің көзірі ізгі мақсаты — бұл қаулылардың мінсіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Біздің семьяның мүшелері де астық өндірісін шұғыл өркендету күресіне өз үлестерін қосуда. Федор Ильяшенконың басқаруындағы трактор бригадасының мүшелері көктемде 2 мың гектарға жуық егіс екті. Оның 1100 гектары көктемде жыртылып, тұқым себілді. Біразы тың және тыңайған жер. Бригада мүшелері егіс жұмыстарында агротехникалық ережелерді мұқият сақтап, мол өнімнің негізін көктемде қалады. Егер бұл егін ысырапсыз, кезінде жыйналса оның гектарынан 100 пұттан өнім алынатындығы сөзсіз.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінен егін жыйнауды қысқа мерзімде санап өткізуді талап етті. Астық ысырабына жол бермеу және астық дабындау жұмысын ұйымшылдықпен өткізу — колхоздар мен совхоздардың мемлекет алдындағы бірінші парызы.

пайдалану мақсатымен оларға техникалық күтімді уақыттылы жүргізіп отырамыз. Тәулігіне бір сағат техникалық күтім жасалады. Бұл іске барлық агрегат мүшелері қатыстырылады. Олар комбайндар мен трактор бөлшектерін майлап, сүртеді. Ал, трактор бригадасының бригадирі және агрегат бастығы машиналардың механизмдерінің жұмыс істеуін тексереді.

Агрегат жұмысты алдын-ала жасалған маршрут бойынша жүргізеді. Онда жұмыс істейтін егіндік учаспақтар, ол учаспақтардың қайсысы қай мерзімде жыйналатыны көрсетілген. Бұл жоспар агрегаттың тоқтаусыз жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасайды.

Бункерлерден астықты агрегат жүрін бара жатқанда қотару еңбек өнімділігін кемінде 10 процент арттырады. МТС дирекциясы агрегатқа 4 тонналық жүк автомобилін бөліп отыр.

Агрегаттың тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін біз еңбекті кезектесіп істейміз. Сабап үйіште жұмыс істеушілер 12 сағаттан ауысып отырады. Осы сыяқты, комбайншының көмекшілері және басқа да агрегат мүшелері ауысып еңбек етеді. Тамақтанған кезде агрегат тоқтап тұрмайды. Бұл уақытта агрегат мүшелері бірін-бірі ауыстырады. Жанар май тракторға және комбайндарға тәулігіне бір мерзім

Комбайншылардың аудандық кеңесі

Жақында Преснов аудандық мәдениет үйінде аудан комбайншыларының кеңесі болып өтті. Онда аудандық партия комитетінің секретары Долженко жолдас баяндама жасап, аудан комбайншыларының алдында тұрған міндеттерге тоқталды.

Үстіміздегі жылы аудан 98870 гектар егістік алаңның егінін орып, мемлекетке 3800,000 пұт астық тапсыруға тиіс. Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру егінді ысырапсыз жыйнауды, мемлекетке астық тапсыру жоспарын деркезінде орындауды, оған үлгілі әзірленуді керек етеді. Аудан МТС-терінің бірқатар комбайншылары СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы алға қойған мұндай аса маңызды міндетті жете түсініп, егін орағына әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде.

Кеңесте комбайншылар сөз сөйлеп, өздерінің жұмыс тәжірибелерін ортаға салды. Ставрополь өлкесі Петров МТС-і комбайншыларының еліміздің барлық комбайншыларына жазған үндеуін бірауыздан мақұлдады.

Вали МТС-нің комбайншысы Социалистік Еңбек Ері, коммунист Калмыков жолдас «Сталинец-6» комбайнымен күн сайын 35-40 гектар алаңның егінін орып, 20 жұмыс күні ішінде 750 гектар алаңның астығын бастыруға міндеттенді. Сол сыяқты, Преснов МТС-нің комбайншысы Бабченко, Николаев МТС-нің комбайншысы Близнаев жолдасар да өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды.

Комбайншылар кеңесі ауданның барлық комбайншылары атынан егін жыйнау жұмыстарын 20 жұмыс күні ішінде аяқтауға міндеттенді. «Сталинец-6» комбайнымен смена сайын 25 гектар, «Сталинец-1» комбайнымен 30 гектар, өзінің жүретін комбайнымен — 15 гектар егін орауға ұйғарды.

Еңбекшілердің сақтық кассаларындағы вкладтары өсуде

Облыс еңбекшілерінің материалдық тұрмыс дәрежесі күн сайын жақсарып келеді. Бұған еңбекшілердің жыйнақ кассаларындағы вкладтарының арта түсуі айқын дәлел.

Облыстық жыйнақ кассалары вклад жыйнаудың жылдық жоспарын үстіміздегі жылдың алғашқы жартысының өзінде ғана 85,4 процент орындады. Жыйнақ кассаларына салынған вкладтың жаңы соммасы 10246 мың сомға дейін өсіп, вкладчиктердің саны 6060 адамға артты.

Қаланың жыйнақ кассаларына қала еңбекшілері 4,283 мың сомның вкладын салды, ал, вкладчиктердің саны жаңадан 1930 адамға дейін өсті. Сол сыяқты, Преснов аудандық жыйнақ кассасына да

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

Женева кеңесінің Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы келісімге жетуіне байланысты ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Индияның премьер-министрі Джавахарлал Неру мырзадан, Индонезия республикасының премьер-министрі Али Састраамиджойо мырзадан және Бирма одағының ССРО дағы Төтенше және Полномочиялы Елшісі Монг Он мырзадан құттықтаулар алды.

Кәсіподақ ұйымдарының айбынды міндеттері

Қалалық кәсіподақ активінің жыйналысынан

Жуырда қалалық кәсіподақ активінің жыйналысы болып өтті. Жыйналыста «ССРО Кәсіподақтарының XI съезінің қорытындылары және қала кәсіподақ ұйымдарының міндеттері туралы» кәсіподақтардың облыстық Советі президиумының председателі Островной жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеушілер СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің ССРО Кәсіпшілер одақтарының XI съезіне құттықтауын қала еңбекшілері зор қанағаттанғандықпен қарсы алғанын айтты. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің алға қойған міндеттерін жүзеге асыру мақсатында қала кәсіподақ ұйымдары шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық салаларына белсене қатысуда. Өнеркәсіпте, транспортта және басқа жұмыс учаспақтарында еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту, сапасын жақсарту жолындағы социалистік жарыс озаттарының саны күн санап арта түсуде.

Сонымен қатар, жыйналысқа қатысушылар қала кәсіподақ ұйымдарының жұмысында орын алып отырған елеулі кемшіліктерге баса назар аударып, партия мен үкмет алға қойып отырған айбынды міндеттерді, ССРО Кәсіподақтарының XI съезінің қарарларын мүлтіксіз жүзеге асырудың нақтылы шараларын белгіледі.

Бірқатар кәсіподақ ұйымдары әлі де болса социалистік жарысты ұйымдастыру мәселесінде формальдылыққа жол беріп отыр. Тек осының салдарынан қаланың бірқатар өнеркәсіп орындары, әсіресе, шағын двигателдер заводы, №1 кірпіш заводы, ет-консерв комбинаты, аяқ киім фабрикасы, құрылыс ұйымдарының көпшілігі, қалалық өндіріс комбинаты 1953 жылдың және үстіміздегі жылдың алғашқы жартысының өндірістік жоспарларын орындай алмай, мемлекет алдында борышты болып келеді.

Социалистік жарыстың мақсаты озаттардың тәжірибелерін кеңінен таратып, артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосуда екені мәлім. Алайда, социалистік жарыстың қорытындысын шығаруда теріс практикаға жол беріліп отыр. Көптеген кәсіподақ ұйымдары озат цехтар мен бригадалардың жеке адамдардың табыстарына терең талдау жасап, артта қалғандардың жұмысындағы себептерді толық ашпайды. Мәселен, теміржолшы-

рылығына бөлінген қаржының небары 56-ақ проценті жұмсалды. Омык жол құрылысының екінші учаспағы осы уақыттың ішінде небары 250—300 шаршы метр пәтер үй ғана салып, талсырманын өнәні бірін де орындамады. Қалалық коммуналдық шаруашылық пәтер үйлерді күрделі және жабайы жөндеу ісіне босатылған қаржыларды пайдалану жөнінде мәрдымді ештеңе істей алмай, уақытты босқа өткізуде.

Кәсіподақтардың қалалық комитетінің председателі Ларина жолдас өзінің өзінде қалалық коммуналдық шаруашылық басқармасын, жөндеу-құрылыс мекемесінің басшыларын қатты сынады. Бірақ, шаруашылық қызметкерлердің жұмысындағы кемшіліктерді кезінде жою жөнінде қалалық комитеттің қандай шаралар қолданғаны туралы ештеңе айтпады. Міне, сондықтан да жарыссөзде сөйлеушілер, атап айтқанда, қалалық партия комитетінің секретары Попов жолдас Ларина жолдасқа орынды сын ескертпе жасады.

—Қалалық партия комитеті, — деді Попов жолдас, — Ларина жолдасы қала кәсіподағын нығайту үшін жіберген еді. Бірақ, ол өз жұмысының барысында қалалық партия комитетінің сенімін ақтаған жоқ. Ларина жолдасын жалпылама сөзден гөрі, нақтылы іске көшетін уақыты жетті.

Кәсіподақ ұйымдары еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде зор роль айналуға тиіс. Алайда, қаладағы бірқатар клубтар мен қызыл мүйістердің жұмысы көзірі міндеттердің дәрежесінен кейін қалып қойып отыр. Бұларда өндірістік-техникалық насихат, озаттардың жұмыс тәжірибелерін насихаттау мәселелері ұйымдастырылмай келеді.

Мемлекеттік құрылыс мекемесінің жергілікті комитетінің председателі Доброхлеб жолдас өзінің өзінде кәсіпорындағының көпшілігінде жұмысшыларды қамтыйтын мәдени-ағарту орындары өте аз болып отырғанын айтты. Ол өзі жұмыс істейтін кәсіпорындағы қызыл мүйісте күніне небары орынның жоқтығынан 25-30 адам ғана болатыны жөнінде нақтылы мысалдар келтірді.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеушілер кәсіподақ кадрларын іріктеп алу және тәрбиелеу жұмысында орын алған кемшіліктерді ашты. Кәсіподақтардың облыстық Советі жұмысшы комитеттері-

жолындағы Ставрополь өлкесі Петров МТС-і комбайншыларының бастамасына жауап ретінде тіркеудегі екі «Сталинец—6» комбайнның агрегаттында тек қана семья мүшелерінің жұмыс істеуі жөнінде біз МТС дирекциясы мен партия ұйымының алдына тілек қойдық. Тілегіміз қанағаттандырылды. Агрегатты семья мүшелері қамтыды.

Быйыл МТС қамтуындағы колхоздарда егіс көлемі тым және тыңайған жерлер есебінен өткен жылғыдан дәуір ұғайды. Мұның өзі комбайншылардан еңбек өнімділігін еселеп арттыруды талап етеді. Осы мақсатпен біз алдағы егін жыйнау маусымында 1800 гектар егін жыйнауға, күн сайын 1080 центнер астық бастыруға міндеттендік.

Егін жыйнау кезінде Василий мен Николай Ильяшенко комбайншының көмекшісі міндетін атқарады. Бұлар комбайнның механизмін жақсы біледі. Вера, Лидия, Степан және Петр Ильяшенко комбайндардың сабан үйгіштерінде жұмыс істейді. Домна Ивановна агрегат мүшелеріне ас пісіреді. Ал, Евдокия автомобильмен комбайн бункерлерінен қырманға астық тасыйды.

Біз күн сайын 72 гектар егін жыйнап, 1080 центнерден астық бастыруға, жанар майдың 15 процентін үнемдеуге ұйғардық. Бұл — күнделікті жұмыс нормасын үш есе орындау деген сөз. Тапсырманы бұлайша орындау үшін біз агрегаттың тәулігіне тоқтаусыз 22 сағат жұмыс істеуіне жетісеміз. Комбайндардың қуатын жұмысқа толық, өнімді, әрі тоқтаусыз

жасалынған кезде жүргізіледі.

МТС дирекциясы мен партия ұйымы агрегатта бүкіл семья болып еңбек етуімізді қызу қуаттап, бізге барлық жағдай жасады. Жаңадан екі «Сталинец—6» комбайн бөлді. Комбайндарды «С—80» тракторы сүйрейді. Агрегат түнде де жұмыс істеу үшін жарықпен қамтамасыз етілген.

Осының барлығы бізге еңбек өнімділігін 3 есе арттырумызға, социалистік жарыста алған міндеттемемізді сөзсіз орындап шығуымызға қолайлы жағдай жасайды.

Сөйтіп, біз егін жыйнауға еңбек өнімділігін еселеп арттыру, астықты көптеп бастыру арқылы астық өндірісін шұғыл өркендету жөніндегі бүкілхалықтық күреске семьямызбен келелі үлес қосамыз.

Николай Ильяшенко — агрегат бастығы,
Василий Ильяшенко — комбайншының көмекшісі,
Николай Ильяшенко — комбайншының көмекшісі,
Вера Ильяшенко — сабан үйші,
Лидия Ильяшенко — сабан үйші,
Степан Ильяшенко — сабан үйші,
Петр Ильяшенко — сабан үйші,
Домна Ильяшенко — ас пісіруші,
Евдокия Ильяшенко — астық тасушы.

Совет ауданы,
Сартомар МТС-і.

Менің уәдем

Егін жыйнауға комбайн агрегаттының қуатын толық пайдалану үшін комбайнды жоғары сапада жөндеу, оның механизмдерін жете білу және жұмыс үстінде агрегат мүшелерінің еңбегін дұрыс ұйымдастыра білу, уақытты тиімді жұмсау қажет. Мен мұны өзімнің комбайншы болып істеген 19 жылдық іс тәжірибемнен айқын көріп келемін. Егер мен осы 19 жыл ішінде 20 мың гектардан астам егін жыйнап, миллиондаған пұт астық бастырған болсам, бұл, алдымен, комбайн қуатын өнімді пайдалану жолындағы көп ізденуім мен үйренуімнің нәтижесі.

Ставропольдік комбайншылар быйыл әрбір комбайн агрегатымен күндік тапсырмаларды асыра орындап, астықты көп бастыруға, еліміздің барлық комбайншыларын шақырды. Ставропольдіктердің бастамасына жауап беру үшін мен быйыл тіркеудегі 2 «Сталинец—6» комбайнмен 1200 гектар егін жыйнап, 13000 центнер астық бастыруға және 5 процент жанар майын үнемдеуге міндеттеме алдым.

Алған міндеттемені аброймен орындауға біздің агрегатта толық мүмкіншілік бар. Комбайндар сапалы жөндеді. Совхоз басшылары агрегатты маман тракторшылармен, комбайншының көмекшілерімен, тағы басқа керекті адамдармен толықтырды. Комбайндарды сүйреуге бөлінген трактор да, комбайндар да электр жарығымен жабдықталды. Бұл біздің күні-түні бірдей жұмыс істеуімізге жағдай жасайтын болады.

Жақында көмекшім Элис екеуіміз агрегат жұмыс істейтін егін участоктерін аралап көрдік. Бөлімше меңгерушісі Симоненко жолдас біздің ұсынысымыз бойынша егін участоктерін айналасының шебін шабуды ұйымдастырды.

Біз комбайн қуатын өнімді пайдалануда озат тәжірибелерді өндіріске кеңінен енгізе отырып, алған міндеттемемізді аброймен орындаймыз.

Қ. ТАЕВ,

Совет совхозы № 4 бөлімшесінің комбайншысы.

Комбайншылардың жаңа побы

Жақында Ленин атындағы №35 ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінің комбайншылар даярлайтын курсын 33 адам бітіріп шықты. Курсты Г. Гонименко, И. Егерь, Г. Козий, И. Шубаев, К. Шоланов, В. Шабельников тағы басқа жолдастар мақтау грамотасымен, сол сыяқты, 16 оқушы барлық пәндерден «жақсы» және «өте жақсы» деген бағамен бітірді. Курсты бітірушілердің барлығы да өздігінен жүретін «С-4», тракторға тіркелетін «Сталинград-6», «Сталинец-1» комбайндарды жүргізуге толық мамандық алды.

Училищені бітірушілер мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде де мамандық алды. Олардың әрқайсысы тек комбайнды ғана емес, сонымен бірге, қой қырақты, сыйыр сауатын электр агрегаттарын, фермаларды сумен жабдықтайтын, ірі сабақты жемшөпті өңдейтін машиналарды басқара алады.

Училищені үздік бағамен бітірген Георгий Козий жолдас курсты бітірушілердің жыйналысында былай дейі:

Көтеріңкі міндеттемелер

Вильямс атындағы МТС-тің комбайншылары СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Олар Пленум қаулысына жауап ретінде егін орағына үлгілі әзірленіп, егін жыйнау жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтау жөнінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Озат комбайншы В. Ромашкин жолдас егін орағы кезінде 700 гектар егістік алаңды орып, 7 мың центнер астық бастыруға міндеттенді. Сол сыяқты, комбайншы Овчинников жолдас та тіркемелі «Сталинец-6» қос комбайнмен 1100 гектардың орнына, 1200 гектар егін орауға, 10 мың центнер астық бастыруға сөрт берді.

— Мен быйылғы егін жыйнау маусымында «Сталинец-6» комбайнмен 600 гектар егін жыйнап, 6000 центнер астық бастыруға міндеттеме аламын және училище бітіруші-комбайншылардың барлығын осындай көтеріңкі міндеттемелер алып, оны аброймен орындап шығуға, сөйтіп, СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын жүзеге асыру күресіне белсене қатысуға шақырамын.

Бұл шақыруды Шубаев, Дроздов тағы басқа жолдастар қуаттап өздеріне нақтылы міндеттемелер алды.

Училище бітірген жас механикаторлардың бұл тобы быйыл Коновалов, Торангүл Семшица, Ворошилов атындағы, Тимирязев атындағы, Приешім, Куйбышев атындағы, Образцова МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда егін жыйнайтын болады. Бұл күндері олар атаған МТС-тердің егін орағына әзірлік жұмыстарына көмектесуде.

Н. КОРОБЦОВ,

Училище директорының мәдени-тәрбие жұмыстар жөніндегі көмекшісі.

1208 мың сомның вклада салынып, жартыжылдық жоспар ойдағыдай орындалды.

Алғашқы жартыжылдықтың ішінде вклад жыйнаудың жылдық жоспарын Октябрь, Ленин, Булаев аудандарындағы жыйнақ кассалары да артығымен орындап шықты.

В. ДАМАСКИН,

облыстық жыйнақ кассаларының оперативтік бөлімінің бастығы.

Колхоз қабырға газеті

Мамлют ауданындағы «Победа» колхозында колхоз бастауыш партия ұйымы мен колхоз басқармасының органы «За урожай» қабырға газеті шығып тұрады. Газетте колхоздағы еңбек озаттарының жұмыс тәжірибелері жазылады. Жұмыстары кемшіліктер қатаң сынға алынады. Партия ұйымы мен басқарма газетте шыққан сын мақалаларды деркесінде басқарма мәжілісінде, бригаданың өндірістік жыйналыстарында талқылап, кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар белгілен отырады.

Жақында «За урожай» газетінде «Үгітшілер бізге қашан келеді» деген сын мақала жарияланды. Онда колхоз үгітшілері Андреев, Коробин және Горбатов жолдастардың шешімдер мен механизаторлар арасында тым сирек болатыны, олармен СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын жөнінде әңгімелер өткізбейтіні қатты сынға алынған болатын. Бұл мақалаға партия ұйымы деркесінде құлақ асып, үгітшілердің дала қостары мен трактор бригадаларында жиі болып тұруын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар белгіледі.

М. АХМЕТОВ.

Колхозды ауыл көркейту сүсуде

Совет ауданындағы «Игілік» колхозының қоғамдық байлығы жыл сайын өсіп, колхозшылардың әл-ауқаты мен мәдени-тұрмысы жақсарып келеді. Быйыл колхоз радиотарабын сатып алды. Әрбір колхозшының үйіне радиоточкалары орнатылды. Мұның өзі колхозшылардың елімізде болып жатқан жаңалықтарды, халықаралық жағдай туралы хабарларды, Отанымыздың жүрегі — Москвадан, Алматыдан берілген совет композиторларының әндерін тыңдап, бос уақыттарында мәдениетті дем алуына мүмкіндік беруде.

Аудан орталығымен колхоз арасында телефон байланысы бар. Колхоз үстіміздегі жылы электростанция сатып алуды көздеп отыр.

А. ЫСҚАҚОВ.

МАШИНА САТЫП АЛДЫ

«Интернационал» колхозы (Октябрь ауданы) жаңадан бір жүк машинасын сатып алды. Колхоз тағы да бір жүк машинасын алуға заказ берді.

С. ҚАЙЫРЖАНОВ.

лардың аудандық кәсіподақ жыйнақтарындағы социалистік жарысты қорытындылағанда бірқатар кәсіпорындарының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді жою жөнінде ешбір шара белгілемеген. Мұндай формальдылықты тігін фабрикасынан, бірқатар кәсіпшілік артельдерінен кездестіруге болады.

Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің творчестволық инициативасын қолдап отыруда өндірістік кеңестер шешуші роль атқаруға тиіс. Солай бола тұра да, кәсіпорындарындағы өндірістік кеңестерге немқетті қарайтын кәсіподақ ұйымдары аз емес. Аяқпін фабрикасында жұмысшылардың өндірістік кеңестері өтпегеніне, онда коллективтің өміріндегі түбірлі мәселелердің талқыланбағанына айлап уақыт өткен.

— Фабрика директоры Гаев, — деді Стукач жолдас, — коллективтің творчестволық инициативасымен, бұл жөнінде кәсіподақ ұйымының пікірімен санаспайды. Бізде коллективтік шарттың орындалуы үстіміздегі жылы өндірістік жыйналыста бірде-бір рет талқыланған емес.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдары қаулыларын орындай отырып, қала кәсіподақ ұйымы ауыл-селоға қамқорлықты біраз жақсартты. Қалалаң жүздеген адамдар совхоздар мен МТС-терге тұрақты жұмысқа барды. Қаланың құрылыс ұйымдары жөндеу мастерскойларын салуға көмектесіп, ауыл шаруашылығының көптеген заказдарын орындауда. Алайда, жыйналыстың атап көрсеткеніндей, қала кәсіподақ ұйымының ауыл-селоға көмегі әлі де жеткіліксіз болып отыр. Шағын-двигательдер заводы сыяқты ірі кәсіпорындары ауыл шаруашылығының заказдарын орындауда инициатива көрсете алмай келеді.

Жыйналысқа қатысушылар қалада пәтер үй құрылыстарының барысы өте қанағаттанғысыз болып отырғанына ерекше назар аударды. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында пәтер үй кү-

нәсіптік кеңестерімен семинар-кеңестерін өте сирек өткізіп, оларды кәсіподақ жұмысының практикалық мәселелеріне аз үйретеді. Осы сыяқты, заводтық комитеттердің кемшілігінде кәсіподақ топтары ұйымдастырушыларының, активтердің оқуы жоқтың қасы.

— Кішіні мойындау керек, — деді ет-консерв комбинатының жергілікті комитетінің председатели Прицкер жолдас, — біз кәсіподақ активтерінің оқуын жоғары дәрежеде ұйымдастыра алмай отырмыз. Бұл дереу жойтын кемшілік. Өйткені, есеп беру-сайлау жыйналыстарынан кейін кәсіподақ ұйымдарына көп жас кадрлар келді. Олар практикалық жұмысқа үнемі үйрегіп отыруды талап етеді.

Айта кету қажет, кәсіподақ активтерін тәрбиелеу жөнінде бізге кәсіподақтардың облыстық Советі де өңеге көрсете алмай отыр. Островной жолдасының баяндамасында кәсіподақ кадрларын тәрбиелеу жөнінде нақтылы ештеңе айтылмауы тек осыдан болуы керек.

Жыйналысқа қатысушылар кәсіподақтардың бірқатар облыстық комитеттерінің, облыстық Советінің жұмыс стилдерін қатаң сынға алды. Облыстық ұйымдарды қызметкерлері қағаз жазу, мәлімет сұрау жұмыстарымен көп шұғылданып, уақытты кенеседе өткізеді, жергілікті жерлерде сирек болады. Төменгі кадрларға кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде аз көмек береді.

Жыйналыста кәсіподақ ұйымдарының сауда жұмысына басшылығы мен көмегі жеткіліксіз болып отырғаны атап көрсетілді. Бірқатар магазиндер мен асханалардың жұмысы көпшілік бақылауымен қамтамасыз етілмей келеді.

Қалалық активтің жыйналысы ССРО Кәсіподақтарының XI съезінің қарарына бірауыздан қызу қуаттап, қаулы алды. Сонымен қатар, жыйналыс қала кәсіподақ ұйымдарының шаруашылық және мәдени құрылыс саласындағы ролдерін арттыру жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

МТС пен колхозға көмек

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын орындай отырып, Петропавл ет-консерві комбинаты кәсіподақ ұйымы ауыл шаруашылығына қамқорлық жасауда бірқатар жұмыс істеді.

Партияның шақыруы бойынша комбинаттағы кәсіподақ мүшелерінен 50 адам МТС-тер мен совхоздарға тұрақты жұмысқа барды. Олардың бәрі де тракторшы мамандығын меңгеріп, егіс даласында қажырлы еңбек етіп жүр.

Кәсіподақ ұйымының инициативасы бойынша комбинат дирекциясы Совет МТС-не қажетті мөлшерде құрылыс материалдарын (цемент, ақ, қаңылтыр және басқалары), бір генератор берді. Совет ауданындағы «Көктерек» колхозына комбинат коллективі қысты күні 40 тонна

мал азығын тасып, жүздеген центнер тұқым айырбастауға көмектесті.

Комбинаттың көркемөнерпаздары коллективі Совет МТС-і мен «Көктерек» колхозында бірнеше рет болып, станция қызметкерлері мен колхозшылар үшін концерт беріп, әңгімелер өткізді.

ССРО кәсіподақтарының XI съезінің қарарларын талқылауға арналған жыйналыста комбинат коллективі ауыл шаруашылығына көмекті бұрынғыдан да жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Кәзір комбинат Приешім МТС-інде жөндеу мастерскойын салуға көмектесуде. Комбинаттың ойдағы жұмысшылары колхоздар мен совхоздарға барып, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына қатысқан.

Б. ТӨЛЕШБАЕВ.

Сауда жұмысы еңбекшілердің өскелең талабына сай болсын

Азық-түлік сатуда үзіліс болмасын



Петропавл ауданындағы Асанов МТС-де электр станциясын салуға әзірлік жүріп жатыр. Суретте: А. Гаспарян басқарған бригада электр станциясы үшін қотлован қазуда.

★ БАЯН МТС-інде ★

Достық көмек

Свердлов қаласының кәсіпорындары мен мекемелері егін жыйнау жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауға көмектесу үшін Баян МТС-іне 90 жүк машинасын жіберді. Оның 80-ге жуығы көзірдің өзінде МТС-ке келді.

Машина колоннасы шоферлармен, механиктермен толық қамтамасыз етілген. Свердловтан келген жүк машиналары МТС қамтуындағы колхоздарға бөлінді.

Жаңа техника

МТС жыл сайын отандық жаңа қуатты техниканы көптеп алады. Үстіміздегі жылы МТС 24 жаңа комбайн алады. Олардың 7-і «Сталинец-4» өздігінен жүретін комбайндары, ал қалғандары «Сталинец-6» тіркемелі комбайндары. Көзірдің өзінде МТС 5 өздігінен жүретін, 2 тіркемелі комбайн алды. Енді аз күннен кейін қалған комбайндар да МТС-ке жеткізіліп, МТС қамтуындағы колхоздарда егін орағы кезінде жұмыс істейтін болады.

Астық қырымандары

механикаландырылуда

МТС қамтуындағы колхоздарда лаңадан жабық қырымандар салынып, олардағы еңбекті көп тілейтін жұмыстар механикаландырылуда. МТС қамтуындағы «Жизнь» колхозында 19 жабық қырман 1954 жылдың астырын қабылдауға әзір тұр.

Колхоздың орталық қырманға то-

ақты. Көрмеге қатысуға право алғандардың ішінде Социалистік Еңбек Ерлері Калмыков, Асадулаев және басқа озат комбайншылар бар.

Колхоздарды электрлендіру

Жақында МТС қуатты электр станциясын алады. Электр станциясының келуі МТС қамтуындағы колхоздарда еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға мүмкіндік береді.

Тұрғын үйлер

МТС 2 екі пәтерлі, 3 бір пәтерлі стандартты үйлер алды. Бұл үйлерді салу жұмысы толық аяқталды. Сол сияқты, МТС-тің механикаторлары да өздеріне тұрғын үйлер салуда. Баян колхозында жұмыс істейтін № 13 трактор бригадасының бригадирі Геллер, слесарь Востриков жолдастар және басқалары өздеріне тұрғын үйлер салып жатыр.

Комбайн агрегаттарының ұйымдастырушылары

Қаладан МТС-ке 8 комбайн агрегатының ұйымдастырушылары келді. Олар өздері жұмыс істейтін колхоздарда болып, колхоз басқармаларымен келісе отырып, агрегаттың тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін бірқатар шаралар белгіледі. Өз агрегаттарының механикаторларымен танысты. Таяуда қаладан МТС-ке комбайн ұйым

Партия мен үкметтің еңбекшілерді өнеркәсіп және азық-түлік товарларымен толық қамтамасыз ету жөнінде алға қойып отырған міндеттерін аброймен орындауда совет сауда орындары үлкен роль атқарады. Алайда, қала сауда орындарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Оның себебі — қала сауда орындарының басшылары сауда мәселесімен жете шұғылданбайды, сауда қызметкерлері арасындағы саяси-тәрбие жұмысына жеткілікті мән бермейді. Социалистік жарыста міндеттемелер алынғанмен, оның орындалуын қамтамасыз ету үшін күнделікті бақылау жүргізілмейді, міндеттемелердің орындалуы көбінесе тексерілмейді.

Мұнымен қатар, сауда орындарының басшылары шығарылатын өнімнің сапасына әлі күнге дейін жете мән бермей отырғандығын атап айту қажет. Мәселен, Петропавл нан комбинаты 15 түрлі нан-булқа тағамдарын шығаруға тиіс. Егер нан-булқаның белгіленген түрлері түгел өндірілсе, қала еңбекшілерінің бұл жөніндегі өскелең талаптарын толық қанағаттандыруға болатыны сөзсіз. Ал, іс жүзінде олай болмай отыр. Комбинат нан-булқа тағамдарының санаулы ғана түрлерін шығарып келеді. Сол себепті магазиндерде сатылатын нанның түрлері өте аз болып отыр. Қаланың ең ірі сауда орындарының бірі — қалалық аралас сауда бөлімінде 41 магазин нан тағамдарын сатады. Олардың ішінен 12 магазин кезекші магазин болып есептеледі. Бірақ, тұтынушылар сол магазиндердің бірде-бірінен сапалы, тәтті пісірілген нан ассортименттерін таба алмайды. Магазиндердің көпшілігінде нанның екі түрлі сорты ғана сатылады, ал, нан-булқа тағамдарының басқа ассортименттері көбінесе болмайды. Магазиндерде кейде жаңа пісірілген нан болмай қалып, мұнан бірнеше күн бұрын пісірілген нан тағамдарының полкаларды алып тұрғанын көресіз.

Қаланың шет жағына орналасқан № 27 және № 58 магазиндерде нанның болмай қалатын уақыттары да болады. Мұның былай болатын себебі — қалалық Советтің атқару комитеті бекіткен нан тасу графигін сауда орындары мүлтіксіз орындаудың орнына, үнемі бұрмалап келеді. Оның үстіне, нан магазиндерге тәуліктің ішінде бір-ақ рет әкелінеді. Нан тасу графигінің орындалмай қалуының себебі қалалық аралас сауда бөлімі (Канцеров жолдас) нан тасу жұмысына қажетті транспортпен толық қамтамасыз етпейді. Көбінесе 4 машинамен нан тасудың орнына, нан 3 машинамен тасылады. Нанды магазиндерге тағайындалған график бойынша таңертеңгі сағат 8-де жеткізудің орнына, күндізгі сағат 11-12 кезінде апарылады, ал, кейде нан тасу жұмыс күнінің аяғына қалады. Магазиндердің директорлары жұмыс мерзімі біткеннен кейін әкелінген нан сатымай кеуіп, екінші күнге қалып, кебір болып қалатындығын, тұтынушылардың нанды кезінде сатып ала алмайтындығын ескермейді.

Кейбір сауда орындарының басшылары, мәселен, қалалық аралас сауда бөлімінің басшысы Канцеров жолдас, НОД-2 жұмысшыларды жабықтау бөлімінің басшысы Бряков жолдас бұл жұмысты экспедиторлар мен жүк тасушыларға сеніп тапсырады да өздері нан комбинатында болмайты және бұл жұмыспен айналыспайды.

Келешекте бұл кемшіліктер түбірімен жойылуға және қайталанбауға тиіс. Қалалық аралас сауда бөлімінің директоры Канцеров, асханалар мен ресторандар тресінің директоры Лопатков жолдастар және НОД-2 жұмысшыларды жабықтау бөлімінің бастығы Бряков жолдас нан тасу графигін мүлтіксіз орындауға, ол үшін нан тасуды қажетті транспортпен толық қамтамасыз етуге міндетті.

Қала еңбекшілері көзіркі уақытта жоғары сапалы нан тағамдарының көп бо-

луын талап етулі. Бұл заңды тілек. Өйткені, еңбекшілердің материалдық тұрмыс дәрежесі үнемі жақсарып келеді. Осыған байланысты олардың тұтыну тілегі мықтап артып отыр. Сауда қызметкерлерінің міндеті — еңбекшілердің осы өсіп отырған заңды талаптарын барынша толық қанағаттандыру.

Нан ассортименттерін көбейтіп, олардың сапасын жақсарту ісінен Петропавл нан комбинаты және оның директоры Бекмурзин жолдас шеткері қалмауға тиіс. Ал, анығында нан комбинатының тарапынан нан тағамдарының күнделікті бекітілген ассортиментін орындауда, оларды қаланың сауда орындарына босатуда бұрмалаушылықтардың болып отырғандығы байқалады. Нан комбинатында өнім шығарудағы жаңталас, үздік-создық жұмыс істеу күні осы уақытқа дейін жойылмай келеді.

Қаладағы сауда ұйымдарының жұмысына, сол сияқты нан комбинатының жұмысына қалалық партия комитетінің тарапынан да партиялық бақылаудың жеткіліксіз болып отырғандығын атап көрсету қажет.

Еңбекшілердің тұрмыстық қажетін өтеу сияқты маңызды мәселемен тікелей байланысты болғандықтан сауда ұйымдарының жұмысына үнемі жете көңіл бөліп, оған партиялық басшылықты жақсарту тусу қажет. Сауда қызметкерлерінің арасында саяси-тәрбие жұмысын күшейтіп, олардың совет адамдарының тұтыну қажетін өтеудегі жауапкершілік сезімін барынша көтеру керек, сауда қызметкерлерінің жақсы іс тәжірибелерін қорытып, оны көптің игілігіне айналдыру қажет. Жұмыстағы кемшіліктерді деркесінде жою үшін сауда ұйымдарында сын және өзара сынды жоғары сатыға көтеру керек.

С. ОВЧИННИКОВА,

ҚКП қалалық комитетінің нұсқаушысы.

ЕЛЕУЛІ КЕМШІЛІКТЕР

Ленин аудандық тұтынушылар одағы 6 селолық тұтынушылар қоғамы, совхоз жұмысшыларының 1 жабықтау кооперациясын және дайындау мекемесін қамтыды. Ауданда товар айналымының бірінші жартыжылдық жоспары барлық селолық тұтынушылар қоғамы бойынша орындалған. Ал, аудандық тұтынушылар қоғамы бойынша товар айналымының жоспары 117 процент орындалған.

Көктем егісі кезінде трактор бригадалары мен дала қостарында жұмыс істеген тракторшылар мен колхозшыларды өнеркәсіп және азық-түлік товарларымен қамтамасыз ету мақсатында жылжымалы

базаларында да жоқ болып отырғанын айтпай кетуге болмайды.

Комсомол селолық тұтынушылар қоғамында чай, мақта-матадан тігілген костюмдер мен шалбарлар көптен бері сатылмаған, ал, аудандық тұтынушылар одағының қоймасында мақта-матадан тігілген костюмдардың саны 700-ден асады. Бірақ, одақ басшылары бұл костюмдерді ауыл-селолық жерлердегі магазиндер мен дүкендерге жеткізуді ұйымдастырмай отыр.

Ауданның сауда орындарында азық-түлік товарларының саудасы тіпті наптыр ұйымдастырылған. Үн, макарон, жарма

Аудандық және селолық тұтынушылар кооперациясының басшылары кооперация мүлкін талап-тарапқа салушылармен қатаң күрес жүргізбейді. Міне, осының салдарынан аудандық тұтынушылар одағының сауда орындарында үстіміздегі жылдың бірінші жартысында 72 мың сом қаржы талап-тарапқа түскен. Торангүл совхозының жұмысшыларды жабықтау кооперациясы бойынша 36 мың сом қаржы талап-тарапқа салынған.

Көзіркі уақытта аудандық тұтынушылар одағының қоймаларына үн, макарон, өсімдік майы, кондитер тағамдары жеткілікті мөлшерде бар.

Редакцияға хат

Біріне бірі сілтейді

Ленин ауылдық Советіндегі Жаңа жол ауылында үстіміздегі жылдың май айының басынан бастап ауылдық кітапхана ашылған болатын. Колхоз басқармасы кітапханаға жеке үй бөліп берді. Осы кезде кітапхананың бюджеті де бекітілді. Бірақ, Ленин ауылдық Советі, оның председатели Бүтінбаев жолдас кітапхана жұмысына жете көңіл бөлмей-ақ келеді.

Керекті қаржының босатылмауы салдарынан кітапханаға қажетті құрал-жабдықтар деркесінде сатылып алынбады. Көзір кітапханада не кітап қоятын полкалар, не оқушылар үшін стол, орындықтар жоқ. Кітап оқуға келгендер қайда отырарын да білмейді. Кітапхананың кітап қорында небары 400 сомның кітаптары бар. Ал, газет, журналдар атымың алтырылмайды.

Кітапхана жұмысындағы кездесіп отырған қиыншылықтар туралы Бүтінбаев жолдасқа айтып, көмек сұрап едім ол сөзіме құлақ аспады. Әрі бірден соң, «ауданда өз бастығын бар емес пе, соған бар» дейтін болды. Жергілікті жерден ешбір көмек болмаған соң кітапхана жайын Октябрь аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Касаткина жолдасқа хабарладым. Алайда, ол нақтылы көмек көрсетудің орнына ауылдық Советке бірекі рет қатынас жазумен тынды. Маған «қаржы жарын ауылдық Советтен сұра» деп жауап берді.

Ал, Бүтінбаев жолдастан керекті қаржы қашан босатылады деп сұрасаң «көріп жүрген жоқсың ба, өзім отыратын үй де жоқ, соны жөндетіп жатырмын, ақша іздеп ауданға баруға қолым тимейді» деп теріс айналады. Сөйтіп, ол кітапхана жұмысын жолға қоюдан гөрі өз үйін жөндеуді бірінші кезекке қойса керек.

Касаткина мен Бүтінбаев жолдастар біріне-бірі сілтеуді қашан аяқтар екен?

У. ҚҰСАИЫНОВ,

Кітапхана меңгерушісі.

Кино көргіміз келеді

Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артель — Ленин ауданындағы ірі колхоздардың бірі. Колхоз ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізуде жыл сайын айтарлықтай табыстарға ие болып келеді. Бірақ, колхоз басшылары ауылшаруашылық жұмыстарға баса назар аударып, колхозшылардың мәдени тілегін өтеуге жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Бұған мысал ретінде артель мүшелерінің үстіміздегі жылы бірде-бір рет кино көрмегендігін айтуға болады.

Аудандық мәдениет бөлімінің алдына Аманкелді атындағы колхоз мүшелерін киномен қамтуды жақсарту туралы бірнеше рет мәселе қойылса да, олар осы уақытқа дейін бұл тілекті қанағаттандыруды ойластырмай отыр.

Мәдениет бөлімі мен колхоз басшылары колхозшылардың мәдени тілегін қанағаттандыруға қашан көңіл бөледі.

Б. ШАЛДЫКОВ

лық механикаландырылды. Мұнда автомобиль таразысы, 2 ВММ машинасы, 2 жабайы астық тазартқыш жұмыс істейді. Машиналарға астық тиеу, оны түсіру, сол сыяқты, вейлаларға астық саду, тазаланған астықты жыйнау механизм күшімен атқарылады.

Көрмеге қатысуға право

алды

МТС-тің 11 қобайыншысы, өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасының машинисі Васин жолдас Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право

дастырушыларының екінші тобы келеді.

Тығыз интымақ

Абай атындағы, «Трудгурток» колхоздарына шөп шабу, жыйнау және үю жұмыстарына көмектесу үшін қаланың кәсіпорындарынан 50 адам келді. Бұл күндері олар аталған колхоздарда шөп шабу, оны үю жұмыстарына көмектесуде. Бұл адамдар Абай атындағы, «Трудгурток» колхоздарында шөп шабу науқаны аяқталғанша болады.

Т. АЯҒАНОВ.

Шоферлар даярлайтын мектепте

Қазақ ССР автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігінің Петропавлдағы автомобиль мектебі облысымыздың колхоз, совхоздарында және МТС-терінде жұмыс істейтін шоферлар мен слесарьлар даярлайды. Быйылғы жылы мектепті 129 жас шоферлар мен слесарьлар бітіріп шықты.

Маман шоферларды қысқа мерзім ішінде көптеп даярлау мақсатымен облысымыздың аудандарында да автомобиль мектебінің бөлімшелері ашылды. Бұл бөлімшелердің барлығында да болашақ шоферлардың мамандықты ойдағыдай меңгеруі үшін барлық жағдай жасалған. Быйыл Марьевкадағы, Пресновкадағы, Мамлюткадағы автомобиль мектебінің бөлімшелерін 82 адам бітіріп, өздігінен машина жүргізуге право алды. Бұл мектеп бөлімшелерін бітірушілерге 3-класс шофері деген атақ берілді. Ал, бұрын шофер болып жұмыс істегендер осы бөлімшелерді бітіріп, 1-2 класс шофері атағын алды. Осы жылдың 15 июліне дейін мектепті бітіргендердің ішінен 77 адам бірінші класс, 27 адам екінші класс, 215 адам үшінші класс шофері атағын, 33 адам слесарь мамандығын алып шықты.

Кәзір автомобиль мектебінің барлық бөлімшелерінде 200-ден астам болашақ шоферлар мен слесарьлар оқып жүр.

Август айында мектепті 133 адам бітіреді. Олардың 28-і МТС-терге, 102-і облысымыздың колхоздарына жұмысқа жіберілмек.

— Біздің бүгін тандағы міндетіміз, — дейді мектеп директоры Н. Кондратьев жолдас, — өз мамандығын жете меңгерген шоферлар мен слесарьлар даярлау.

К. БАТНЕНОВ.

Саяси баяндамашылар тобы

Мамлют аудандық партия комитеті ауданның колхоз, совхоздарына және МТС-теріне құрамында 22 адамы бар саяси баяндамашылар тобын жіберді. Олардың ішінде аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы топтарының қызметкерлері, совет, комсомол активтері бар.

Бұл күндері саяси баяндамашылар тобы істің тағдыры шешілетін жерлерде — дала қостары мен трактор бригадаларында болып, СОКП Орталық Комитетінің

Бұл міндетті орындауға бізде барлық мүмкіншіліктер бар.

Мектеп жылдан-жылға өсіп келеді. Бұрын жоспар бойынша әртүрлі мамандықта жылына 130 адам оқыса, өткен жылы 400-ден астам адам оқыды. Үстіміздегі жылы мектеп 652 жас мамандар даярлауды көзден отыр.

Мектепте көркем, техникалық және басқа әдебиеттер де жеткілікті. Жаңында мектеп 7 мың сомның көрнекі құралдарын сатып алды. Қазір мектепте тәжірибе жұмысына пайдаланылатын 3 «ГАЗ—51», 1 «ГАЗ-ММ» маркалы машиналары бар. Шоферларды көп даярлау мақсатымен тағы да қосымша бір бөлме, бір тәжірибе залы салынып жатыр.

Мектептің оқытушылар коллективі де маман кадрлардан іріктеліп алынған тәжірибелі педагогтер. Олардың көпшілігінің 15-20 жыл шофер болып істеген тәжірибесі бар. Жоғары білімді оқытушы Г. Голванов жолдас мектептің Булаев ауданындағы бөлімшесінде істейді. Ал, оқытушы Г. Логвиненко жолдас көп уақыттан бері мектептің Марьевкадағы бөлімшесінде жас мамандарды тәрбиелеу ісіне белсене атсалысып келеді.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысымен жігерленген қаладағы автомобиль мектебінің және оның бөлімшелерінің оқытушылар коллективі еліміздің ауыл шаруашылығына маман шоферлар мен слесарьларды көптеп даярлау жолында қажымай-талмай еңбек ете береді.

К. БАТНЕНОВ.

М. АҚМҰРЗИН.

дүкен жұмыс ітеді. Соңғы, олар аудандық еңбекшілеріне 183 мың 293 сомның товарын сатты.

Алайда, Ленин аудандық тұтынушылар одағының басшылары Ионычев, Бектурғанов жолдастардың тарапынан бөлшек саудамен айналысушы дүкендердің жұмысына тынақты бақылаудың жүзеге асырылмай келе жатқандығын атап көрсету қажет.

Петровка, Комсомол селолық тұтынушылар қоғамы мен Торангүл совхозының жұмысшыларды жабдықтау кооперациясында мақта-мата кездемелерінің 20-ға жуық түрлері жоқ. Бұл сауда орындарында, әсіресе, сатин және шыт маталаары жеткіліксіз. Үй тұрмысына қажетті ыдыс аяқ, парфюмерия және галантерея товарлары да жоғарыда аталған селолық тұтынушылар қоғамдарының магазиндерінен кездеспейді, өйткені, ондай товарлар облыстық тұтынушылар одағының

қоймасында жеткілікті екендігіне қарамастан, олар жергілікті жердегі сауда орындарына сатылмай келеді.

Сауда ұйымдары басшыларының тарапынан жеткілікті бақылаудың жоқтығының салдарынан еңбек тәртібін бұзушылық сауда қызметкерлерінің арасында жиі кездеседі. Мәселен, Комсомол, Петровка селолық тұтынушылар қоғамдарының сатушылары товар алып келеміз деген сылтаумен магазиндерді ұзақ уақыт жауып қоятын болған.

Аудандық тұтынушылар одағының басшылары ауыл шаруашылығы өнімдерін, әсіресе, азық-түліктер мен шикізаттарды даярлау және оларды сатып алу жоспарын орындау жұмысын бетімен жіберген. Үстіміздегі жылдың 10 июліне дейін ауданда дайындалуға тиісті азық-түліктердің 20 түрінің 5 түрінен ғана жоспар орындалған.

МЕКТЕПТЕРДІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕЙІК

Коммунизмнің болашақ құрылысы — жас ұрпақтарды советтік патриотизм, ұлы Отанға, Коммунистік партияға, Совет Үкіметіне шексіз берілгендік рухта тәрбиелеу, олардың білімді, саналы азамат болып өсуіне барлық мүмкіншілікті жасау — мемлекеттік маңызы зор іс. Туысқан партия мен Совет Үкіметі жас ұрпақтардың жарқын болашағы үшін, олардың бақытты, сәулетті өмір сүруі үшін әкелік қамқорлық жасап отыр. Оған мысал ретінде 1954 жылы жаңадан мектептер салуға, мектеп үйлерін жөндеуге, оқулықтар мен жазу-сызу құралдарын шығару үшін миллиондаған сом қаржы бөлініп отырғандығын айтудың өзі-ақ жеткілікті.

Бүкіл еліміздегі сияқты біздің облыста жалпыға бірдей жетіжылдық білім алу жүзеге асырылды. Быйылғы оқу жылы — жалпыға бірдей онжылдық білім алудың екінші жылы. Кәзір облыс орталығында бұл міндетті жүзеге асыру ойдағыдай жүргізілуде.

Жас ұрпақтарға білім беру сапасын жақсартуда мектептерді жаңа оқу жылына жан-жақты, толық әзірлеу маңызды роль атқарады. Олай болса, бұл жұмыстарды оқу жылы аяқталысымен дереу қолға алып, жаңа оқу жылын үлгілі дайындықпен қарсы алу — халық ағарту қызметкерлерінің абройлы және жауапты міндеті.

Бұл міндеттердің жауапкершілігін терең сезінген облыстың көптеген мектептерінің басшылары жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ерте бастан қолға алып, оны ойдағыдай жүргізуде. Бұған мысал ретінде Ленин ауданындағы Ильинка жетіжылдық мектебін алуға болады. Аталған мектептің коллективі жаңа оқу жылына дайындық жұмысын өткен оқу жылы аяқталысымен қолға алған болатын. Мектеп үшін күрделі жөндеуден өткізу сияқты жауапты жұмыс кезінде

және сапалы аяқталды. Ал, қысқа мерекеті 120 текшеметр отын толық дайындалып, мектеп жанына тасып алынды. Сол сыяқты, оқушыларға қажетті оқулықтар мен жазу-сызу құралдарын жеткілікті мөлшерде дайындау ісі де ойдағыдай жүргізілді.

Преснов ауданындағы Баян орта мектебі өткен оқу жылына нашар дайындықпен келген мектептердің бірі болатын. Әсіресе, класс мебельдерін дайындау ісі мүлде нашар болған еді. Бұл жағдай мектептің өткен оқу жылын төмен дәрежеде аяқтауына себепші болды. Мектеп коллективі өткен жылдың бұл кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, жаңа оқу жылына дайындық жұмысын ерте бастан қолға алды. Әсіресе, мектеп үшін жөндеу, қысқа қажетті отын дайындау, сол сыяқты, оқушылар үшін оқулықтар мен жазу-сызу құралдарын дерезінде мектепке жеткізу жұмыстары мұнда үлгілі жүргізілді. Мектеп кәзір жаңа оқу жылына дайындықты толық аяқтауға жуық.

Дегенмен, жаңа оқу жылына дайындық жұмысы жалпы облыс бойынша қанағаттанғысыз болып отыр. Күрделі жөндеуден өтуге тиісті 55 мектептің басым көпшілігінде осы уақытқа дейін жөндеу жұмыстары толық аяқталған жоқ. Ал, жай жөндеуден өтуге тиіс 486 мектептің 209-ы ғана оқу жылына дайын.

Қысқа қажетті отын дайындау жұмысы да өте баяу жүргізілді. Облыстағы 541 мектептің 205-і ғана қысқа қажетті отынды дайындап алды. Бірақ, бұлардың көпшілігі осы уақытқа дейін керекті отынды мектеп жанына тасып алудың шұғылданбай отыр. Ал, 59 мектеп отын дайындау ісіне мүлде іріскен жоқ.

Жаңа оқу жылына үлгілі дайындалуда орта және жетіжылдық мектептердің жанындағы интернатты ойдағыдай әзірлеу жұмысы да басты роль атқарады. Бірақ,

шаруашылық саймандар, сол сыяқты, керосин, тағы басқаларын тасымалдау ісі нашар.

Егін орағы кезінде механизаторлар мен колхозшыларды қамту үшін 23 жылжымалы дүкен ұйымдастырылмақ. Алайда, егін орағы кезінде осы сауда орындары арқылы сатылатын өнеркәсіп товарларының ассортименті жеткіліксіз.

Ленин аудандық тұтынушылар одағының басшылары егін орағы кезінде механизаторлар мен колхозшыларды өнеркәсіп және азық-түлік товарларымен ойдағыдай қамтамасыз ету үшін товарлар тасымалдауды және оларды ауыл-селолық жерлерге үздіксіз жеткізіп отыруды дұрыс ұйымдастыруға тиіс.

Ф. МОРОЗОВ.

ҚКП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

көптеген интернаттардың басшылары бұл сыяқты жауапты жұмысқа немқұрайды қарап, интернатты жаңа оқу жылына әзірлеу жұмыстарын мейлінше баяу жүргізіп отыр. Бұған облыстағы 21 интернаттың 7-інің ғана жаңа оқу жылына дайындықты аяқтағандығын айтудың өзі жеткілікті.

Мектептер үшін жаңа үйлер салу жұмысы да баяу жүргізілуде. Қолға алынғанына көп уақыт болса да, Мамлют поселкасындағы салынып жатқан мектеп үйінің құрылысы әлі аяқталмай келеді. Ал, Полудень орта мектебінің жанына салынуға тиісті мектеп үйлерінің құрылыс жұмыстары осы уақытқа дейін қолға да алынған жоқ. Бұл мектепте керек десе құрылысқа қажетті бөрене, цемент, шифер сыяқты материалдар да әзірленбеген.

Мектептерді көрнекі оқу құралдарымен жеткілікті түрде жабдықтау ісінің дәрежесі де төмен. 1954 жылы мектептерге көрнекті құралдар сатып алу үшін мемлекет 1 миллион 333 сом қаржы бөлген еді. Бірақ, осы уақытқа дейін облыстық және аудандық оқу бөлімдерінің басшылары бұл қаржының 112 мың сомдайын ғана пайдаланған. Әсіресе, оқулықтарды жеткілікті мөлшерде мектептерге жеткізу ісі нашар. Бұл жұмысқа облыстық тұтынушылар одағы мен кітап саудасы бөлімі тиісті көмек көрсете алмай отыр.

Сонымен қатар, мектептерді оқытушылар кадрларымен толықтыру ісінде де көптеген кемшіліктерге жол берілген. Ал, осы уақытқа дейін аудандық оқу бөлімдері инспекторларының толық тарайындалмауын облыстық оқу бөлімінің бұл сыяқты жауапты жұмысқа немқұрайды қарағандығынан деп түсінугіміз керек.

Жаңа оқу жылына дайындық жұмысы, әсіресе, Соколов, Конохов, Полудень, Октябрь аудандарында нашар жүргізілуде. Бұл аудандардың оқу бөлімдерінің басшылары бөрінен бұрын жаңа мектеп үйлерін салу жұмысына жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Облыстық оқу бөлімі және аудандық Совет атқомдері бұл жұмысқа басшылық етуді естерінен шығарған. Ал,

«ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАЖЕТІМЕН ЕСЕПТЕСПЕЙТІН САТУШЫ»

«Ленин туының» осы жылғы 14 апрельдегі номерінде «Тұтынушылар қажетімен есептеспейтін сатушы» деген тақырыпмен мақала жарияланды. Онда Октябрь ауданындағы Ленин селолық тұтынушылар қоғамының Кеңес ауылындағы дүкен сатушысы Әубәкірованың сауда жұмысын тұтынушылардың күнбе-күнгі өскелең тілегіне сай жүргізбей отырғандығы айтылған болатын.

Октябрь аудандық тұтынушылар одағы редакцияға, газет сыны бойынша тексеріс жүргізгенде, онда көрсетілген фактілердің толық анықталғандығын және тұтынушылар талабына сай қызмет ете алмағаны үшін дүкен сатушысы Әубәкірованың қызметтен шығарылғандығын хабарлады.

аудандық партия комитеттері мектептерді жаңа оқу жылына дайындау жұмысының барысымен танысып, жергілікті совет атқомдерінен, аудандық оқу бөлімінен бұл жұмыстардың дерезінде жүргізілуін талап етпеген.

Мектептерді жаңа оқу жылына жан-жақты, үлгілі әзірлеу — жаңа оқу жылында жас ұрпақтарға білім беру дәрежесін арттыруға күнбұрын жасалған қамқорлық болып табылады. Сондықтан да жаңа оқу жылына дайындық кезінде бұл сыяқты кемшіліктерге төзуге болмайды. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен халық ағарту қызметкерлері мектептерді жаңа оқу жылына дайындау жұмысында кездесіп отырған бұл кемшіліктерді жою шараларын белгілеп, еңбекшілерді мектептерді жаңа оқу жылына дайындау ісіне белсене қатыстыра білулері кәзіргі кезек күттірмейтін басты міндеттердің бірі.

СССР Одағы Министрлер Советінің қаулысы бойынша еліміздің мектептерінде быйылғы жылы қыз балалар мен ер балалар бірге оқитыны болады. Бұл жағдай мектептерде тәрбие беру ісінің сапасын жақсарту мүддесінен туып отыр. Бұл сыяқты маңызды шараны жүзеге асыру халық ағарту қызметкерлерінен жаңа оқу жылына дайындық жұмысын жан-жақты жүргізуді талап етеді.

Кәзіргі кезеңде мектептерді жаңа оқу жылына дайындау ең алдымен мұғалімдер мен халық ағарту қызметкерлерінің алдына зор және жауапты міндеттер қойып отыр. Әсіресе, тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарда жаңадан салынып жатқан мектептердің құрылыс жұмыстарын тез арада аяқтап, оларды оқу кабинеттерімен, оқулықтармен, мектеп мүліктерімен және методикалық мүйістермен жабдықтау ісінде олар басты роль атқаруға тиіс.

Жаңа оқу жылының басталуына аз уақыт қалды. Бұл жағдай жергілікті партия, совет ұйымдарынан және халық ағарту қызметкерлері мен мұғалімдерден жаңа оқу жылына дайындық жұмысын жедел қарқынмен, жан-жақты және сапалы жүргізуді талап етеді.

Халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы маңызды қадам

Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясының мәлімдемесі

ВЕНА, 24 июль. (СОТА). Индо-Қытайда уақытша бітім туралы келісім жасалуына байланысты кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы мәлімдеме жариялады.

Барлық еңбекшілердің сезімін білдіріп, делінген мәлімдемеде, кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы өзінің 80 миллион мүшелерінің атынан Женевада уақытша бітім туралы келісімге қол қойылуын қызу құттықтайды. Индо-Қытай халықтары мен француз халқының қайтөтегі тоқтатылады. Өздерінің пайдаларын көбейту мақсатымен отаршылар жүргізген және халықаралық жанжалға айналуы мүмкін соғыс тоқтатылады.

Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы уақытша бітімнің жасалуын құттықтайды, бұл үшін ол ұдайы және талмастан күресіп келді. Бұл уақытша бітім халықтардың бейбітшілігі мен тәуелсіздігі үшін барлық елдерде күресуші күштердің орасан зор табысы болып саналады. Бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерімен бірге ол былай деп есептейді: Америка Құрама Штаттарының үкметі мен делегациясы жасаған барлық кедергілерге қарамастан Женевада жасалған уақытша бітім келіссөздер рухының тамаша жеңісі болып табылады және мұнымен бірге халықаралық шиеленістерді бәсеңдетіп, бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы өзінің мәлімдемесінде Вьетнамның, Кхмердің және Патет-Лаонның ержүрек халықтарын құттықтайды; олардың қаһармандығы арқасында бейбітші-

лікті және олардың елдерінің тәуелсіздігін қорғаудың әділетті ісіндегі осы үлкен табысқа қол жетті. Кәсіподақтардың Бүкіл дүние жүзілік федерациясы Индо-Қытайдағы ұрыс қыймылдарын тоқтату жолындағы өздерінің белсенді күресімен осы жеңіске жетуге көп көмектескен Бүкіл дүниежүзілік еңбек конфедерациясына, Францияның жұмысшы табы мен халқына, сол сыяқты бүкіл дүние жүзінің барлық кәсіподақ ұйымдары мен еңбекшілеріне алғыс айтты.

Бейбітшілік еңбекшілер мен халықтардың отарлық агрессияны жеңген бұл табысы, делінген мәлімдемеде, бейбітшілік күштердің жаңа жеңісіне сенімді бұрынғыдан да нығайта түседі. Бұл жаңа табыстарға жету үшін кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерін қырағы болуға және бейбітшілік жолындағы күресті күшейтуге шақырады, өйткені соғыс үшін жауашкер монополиялар шиеленісті бәсеңдету саясатының жүзеге асырылуына бөгет жасау үшін қолынан келгенінің бәрін істеп бағады.

Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы кәсіподақтар мен барлық саяси бағыттағы және барлық кәсіподақтарға жататын еңбекшілерді «әлі шешілмеген барлық халықаралық мәселелерде келіссөздер рухының жеңісіне жету ісінде, бейбітшілік, халықтардың тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы күресте шешуші жеңістерді қамтамасыз ету ісінде аса маңызды фактор болып табылатын қыймыл жасаудың халықаралық кәсіподақ бірлігін жүзеге асыруға табандылықпен жетуге» шақырды.

Германияның бірлігі мәселелері жөніндегі комитеттің мәжілісі

БЕРЛИН, 24 июль. (СОТА). АДН агенттігінің хабары бойынша, кеше Берлинде Германияның бірлігі мәселелері жөніндегі комитеттің мәжілісі болды. Мәжілісте ГДР премьер-министрінің орынбасары Отто Нушке баяндама жасады. Ол Аденауэрдің Бонн соғыс договорының күшіне кіруі нәтижесінде Батыс Германия суверенитетін алады-мыс деген жалған мәлімдемесін өңкереледі.

Мәжілісте Бонн соғыс договорының чехословакия халқының ұлттық суверенитетімен сәйкес келмейтіні туралы көрнекті неміс оқымыстылары сөз сөйлеп, мәлімдеме жасады.

Германияның бірлігі мәселелері жөніндегі комитеттің председатели доктор Г. Лох былай деп мәлімдеді: Бонн договоры Батыс Германияны америкн соғыс нақптілерінің жүйесіне қосу болып табылады және агрессияшыл герман милитаризмді қайта тудыруға тікелей қадам жасау бо-

лып саналады. Бүкіл неміс халқының атынан ол Батыс Германияға Герман Демократиялық Республикасына берілген суверендік праволар сыяқты праволардың берілуін талап етті.

Мәжілісте батысгермандық «Германияның қайта бірігуіне көмектесу қоғамының» председатели Пауль Лебеге хат қабылданды; онда, Германияның бірлігі мәселелері жөніндегі комитетпен бірлесіп, Германияны бейбітшілікпен қайта біріктіру туралы келіссөздерді бастауға жол ашу үшін Лебе немістердің арасындағы келісімді жақтауға шақырылды.

Мәжіліске қатысушылар Карлерүдегі бонндық конституциялық сотқа батысгермандық үш патриоттың — Оскар Нейманның, Карл Дикельдің және Эмель Бехтльдің ісі жөніндегі заңсыз сот процесіне қарсы наразылық білдіру телеграммасын жіберді.

Францияның ұлттық жыйналысында

ПАРИЖ, 24 июль. (СОТА). Францияның ұлттық жыйналысының кешегі кешкі мәжілісінде үкметтің басшысы Мендес-Франс қорытынды сөз сөйледі. Ол Фредерик-Дюпонның («республикалық және әлеуметтік қыймылдың тәуелсіз тобы») және бұрынғы сыртқы істер министрі Жорж Бидонның сөздері туралы ерекше тоқталып, Женевада қол қойылған Индо-Қытай жөніндегі келісімдерді олардың теріс бағалауының толығынан негізсіз екендігін атап көрсетті.

Атап айтқанда, Мендес-Франс былай деп көрсетті: оның Женеваға баруынан көп бұрын француз жоғарғы командованиясы Индо-Қытайдағы экспедициялық корпусның позицияларының әлсіз екенін талай рет көрсетіп, 17-ші параллельдегі оңтүстікте қорғаныс шебін ұйымдастыруды жақтады; қазір бұл параллель арқылы демаркациялық линия өтеді.

Радикалдар Дельбос пен Валабрег қарардың жобасын ұсынды, онда Индо-Қытайда ұрыс қыймылдарының тоқтатылуы мақұлданып, үкметке «одақтастармен қажетті жағдайда келісіп, барлық халықтар арасындағы бейбітшілік саясатын онан әрі жүргізу» ұсынылды.

Мұнымен бірге, коммунистер, прогресшіл республикашылардың одағы және МРП партиясының парламенттік тобы қарарлардың жобаларын тапсырды. Тек соңғы жобада ғана ұлттық жыйналыстың Индо-Қытайдағы ұрыс қыймылдарын

тоқтату туралы Женевада келісімге қол қойған Мендес-Франс үкметінің жұмысын мақұлдайтыны туралы ешнәрсе айтылмады, сөйтіп Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс шартын ұйымдастыру идеясы бүркемеленген түрде тағы да ұсынылды.

Қысқа үзілістен кейін МРП партиясының мүшелері ұсынған қарардың жобасы жөнінде дауыс беру болды. Бұл жоба 382 дауыспен қабылданып тасталды.

Бұдан соң ұлттық жыйналыс радикалдар Дельбос пен Валабрех ұсынған қарардың жобасын 471 дауыспен қабылдады, бұған 14 дауыс қарсы болды. МРП-ның депутаттары дауыс бергенде қалыс қалды.

Сонымен, Индо-Қытай жөніндегі Женевада жасалған келісімдерді Францияның ұлттық жыйналысының депутаттары басым көпшілік болып мақұлдады.

Ұлттық жыйналыс кеше өзінің онан арғы жұмысының жоғарғы қабылдады. Елдегі экономикалық және финан жағдайы жөніндегі айтыстар 3 және 4 августқа белгіленді, 5 және 6 августа конституцияға реформа жасау талқыланды.

Парламенттік топтар өкілдерінің кешегі Париж договоры жөніндегі айтыстарды «европалық қорғаныс бірлестігіне» қатысушы алты ел өкілдерінің кеңесінен кейін өткізуді ұйғарды. Жұртшылыққа мәлім, бұл кеңес Брюссельде 10 августа шақырылуы ықтиял.

Англияның қауымдар палатасында

ЛОНДОН, 24 июль. (СОТА). Англияның орталық информация бюросының хабары бойынша, кеше лейборист Джон Хайнд сыртқы істер министрі және Женева кеңесіндегі ағылшын делегациясының басқа мүшелерін құттықтап мынаны сұраған: «Берлин кеңесімен салыстырғанда Женева кеңесінің анағұрлым үміттендіретін нәтижелері мен анағұр-

лым келіссөздер жүргізуді ұсынуға қазір ұяқым жеткен жоқ па екені жөнінде қазір байыптылықпен ойламай ма екен».

Иден былай деп жауап берді: «өріне, бұл нәтижелердің басқа жерлерде жақсы қатынастар орнатылуына жеткізетініне біз үміттенеміз. Жағдай мұндай әрекет жасауға мүмкіндік береді деп есептеген-

Корей халқының өз отанының халық шаруашылығын қалпына келтірудегі табыстары

ПХЕНЬЯН, 26 июль. (СОТА). Бүгін барлық корей газеттері Корей Халық-Демократиялық Республикасы мемлекеттік жоспарлау комитетінің орталық санақ басқармасының Корей Халық-Демократиялық Республикасы халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің 1954 жылдың алғашқы жартысындағы мемлекеттік жоспарының орындалуы жөніндегі қорытындылары туралы хабарын жариялады. Жарияланған мәлімет өткен жарты жыл ішінде республика еңбекшілерінің елдің экономикасын тез өркендету жолындағы күресте ірі жеңістерге ие болғандығын көрсетеді. Жалпы өнім шығару жөніндегі алғашқы жартыжылдық жоспар өнеркәсіпті тұтас алғанда 100 процент орындалды. Мемлекеттік және кооперативтік өнеркәсіп бойынша жалпы өнім шығару 1953 жылдың алғашқы жартысындағы мөлшермен салыстырғанда 49 процент артты.

Өнеркәсіп орындарын қалпына келтіру және жаңадан салу нәтижесінде соғыс кезінде тоқтатып қалған болат, шыны, мыс, ферросплав, ақ қалайы, цемент, двигателдер, түрлі химиялық және басқа да өнімдер өндіру қайтадан басталды. Елде бұрын өндірілмей келген жоғары сапалы маталар мен сірмен боялған ыдыстар өндірісі басталды. Осы мерзім ішінде өнеркәсіп өнімдерінің маңызды түрлерінің өзіндік құны едәуір кемітілді.

Көктемгі егіс жоспары 107 процент орындалды. Шаруашылықты коллектив болып ұйымдастырудың артықшылығын түсінген шаруалар өздерінің тілегімен өндірістік ауылшаруашылық кооперативтерін құрып жатыр. Үстіміздегі жылдың июль айының аяғына дейін елде 998 кооператив болды. Республика үкметі ауыл шаруашылығын тез өркендетуді қамтамасыз етуге бағыттап шаралар қолданды.

Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында ұсақ шаруалар шаруашылықтарына жұмыс малдарын, ауылшаруашылық құрал-саймандарын және азық-түлік сатып алуға зор көмек көрсетілді. Мемлекет шаруаларға көп сортты тұдым және химиялық тыңайтқыштар берді. Дала жү-

мыстарында шаруаларға көмек көрсету үшін июль айының аяғына дейін республикада 17 машина-трактор станциялары құрылды, оларда 800 трактор (15 аттық күші бар) және 113 ат-прокат станциялары бар.

Алғашқы жартыжылдықта темір жол және автомобиль транспортының жұмыс та-су жоспары артық орындалды.

1954 жылдың алғашқы жартысында халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласында кең көлемде күрделі құрылыс жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік күрделі құрылыс көлемі осы мерзім ішінде өткен жылдың алғашқы жартысымен салыстырғанда 3,4 есе өсті. Барлық еңбекшілердің патриоттық пен қажырлы еңбек етуі және Совет Одағының, Қытай мен халықтық демократия елдерінің тарапынан көрсетілген көмектер арқасында 1954 жылдың алғашқы жартысында 90-нан аса маңызды өнеркәсіп орындары пайдалануға берілді. Тұрғын үйлер, мектеп, ауруханалар театрлар мен кинотеатрлар құрылысы жөнінде зор жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Пхеньян, Вонсан, Чхончжян, Синьйичжу, Хамхына, Саривон және басқа қалалар тез қалпына келтірілген.

Халықтың әл-ауқат дәрежесі үздіксіз артуда. Үкмет екі рет баға кеміту саясатын жүзеге асырды. Осының нәтижесінде 1954 жылдың алғашқы жартысында 1953 жылдың алғашқы жартысымен салыстырғанда бұйымдардың бағасы мемлекеттік сауда күйелері бойынша 44,2 процент және кооперативтік сауда күйелері бойынша 38,8 процент арзанды. Осыған сәйкес товар айналымының көлемі 61 процент өсті.

Өткен мерзім ішінде жұмысшылар мен қызметшілердің саны өсті, еңбек өнімі артты. Корей Халық-Демократиялық Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы негізінде еңбекақыны арттыру және бұйымдардың бағасын кеміту саясатын жүзеге асыру нәтижесінде жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек ақысы екі еден аса астам молайды.

Республикада мәдени-құрылыс кеңейіп келеді.

Герман мәселесі жөніндегі келіссөздер қайта басталсын

Бейбітшілік үшін күрескерлердің немістік советінің герман халқына үндеуі

БЕРЛИН, 25 июль. (СОТА) АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Вьетнамдағы, Лаоста және Камбоджадағы уақытша бітім туралы келісімге Женевада қол қойылуына байланысты бейбітшілік үшін күрескерлердің немістік советі Германияның халқына үндеу жариялап, онда қол жеткен келісімге қанағаттанғандық сезім білдіріп, барлық неміс патриоттарын герман проблемасын бейбітшілікпен шешу жолындағы күресті күшейтуге шақырады.

Бейбітшілік үшін күрескерлердің немістік советі төрт ұлы державаның үкметтеріне Германиямен бітім туралы келі-

ры үшін бейбітшілік пен хауіпсіздіктің кепілдемелерін жасау туралы мәселелер жөнінде кестені қайта бастауға шақырады. Үндеуде Женевадағы кеңес ойдағыдай аяқталғаннан кейін мұндай келіссөздердің пайдалы нәтижелер бере алатындығы атап көрсетілген. Бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін аса маңызды алғышарт жанталаса қарулануды тоқтату, атом қаруына тыйым салу, герман милитаризмінің қайта тудырылуына жол бермеу болып саналады. Германия бейбітшіліктің елі болуға тиіс, делінген үндеудің соңында. Германияның барлық бейбітші-

мүдделі болып отыр.

Батыс державалардың өкілдері мұнда өздерінің ұсыныстары жаңа және ымыраға келу ұсыныстары болып табылады деп дәлелдеуге, бұл ұсыныстарды «икемге келу» деп көрсетуге тырысуда. Ал іс жүзінде олардың ұсыныстары және ұсыныстар емес және оларда ешқандай ымыраға келу, ешқандай икемге келу жоқ.

Атом қаруына тыйым салуды да, жаңталаса қарулануды тоқтатуды да қамтамасыз етпейтін батыс державаларының ұсыныстарын талдай келіп, С. К. Царякин былай деді:

Бақылау жасау туралы американдық ұсыныста ядролы қаруға тыйым салудың шарттарын сақтауға бақылау жасау көзделмеген, онда тіпті, ешнәрсеге міндеттемейтін кіріспе бөлімнен басқа, бұл қару туралы ешбір жерде айтылмаған.

Американдықтар ұсынып отырған бақылау органының құрылымында, міндеттері мен өкілдіктерінде хабар жыйнаудан және әуеден барлау жасаудан бастап елдерді ядролық шикізаттан айыру және атом кәсіпорындарын жабуға дейін қаланың бәрін табуға болады, яғни Барух жоспарындағы және анағұрлым кейінгі кездегі американдық ұсыныста айтылғандардың бәрін табуға болады, бірақ онда атом және сутегі қаруына тыйым салу туралы қарардың орындалуына бақылау жасау жөнінде бірде-бір сөз айтылмаған.

Бұдан әрі Царякин былай деп көрсетті: ағылшын- француз ұсынысында өңгіме болып отырған ядролы қаруға шартты түрде тыйым салу іс жүзінде тыйым салу емес, бұл қаруды заң жүзінде бекіту болып табылады.

Совет Одағы, деді онан әрі ол, қару-жарақ пен қарулы-күштерді едәуір азайтуды сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақтайды. Бұл Лондонда көмекші комитетте осы жылғы 11 июльде СССР делегациясы енгізген Совет Үкметінің ұсыныстарынан әркімге айқын түсінікті. Совет делегациясының пікірінше, егер комиссияның барлық мүшелерінде атом қаруына тыйым салу және қару-жарақты азайту туралы келісімге жетуге деген игі ниет пен шын ұмтылушылық болатын болса, бұл ұсыныстарда қабылдауға болмайтын ешнәрсе жоқ және оларда жеңуге

Бұған қарамастан Совет Одағы бейбітшілік саясатын дәйектілікпен жүргізе отырып, атом қаруына тыйым салуды және қару-жарақты азайтуды талап етеді. Бұл саясатқа қарама-қарсы саясат Құрама Штаттардың саясаты болып саналады; ол атом қаруына тыйым салуды және қару-жарақты азайтуды тілемейгіні былай түрсын, ал, оған керісінше, өздері жоспарлап отырған атом соғысына сәйкестеп АҚШ-тың қарулы күштерін қайта ұйымдастыру жөнінде жұмыстар жүргізуде.

Совет өкілі көмекші комитеттің жұмысының нәтижесіз болуының себептерін көрсетті. Бұл себептер, деді ол, біріншіден, АҚШ жүргізіп отырған саботаждық саясатында. Екіншіден, батыс державалар өкілдерінің Совет Одағының ұсыныстарын байыптылықпен талқылаудан бас тартуында. Үшіншіден, көмекші комитеттің құрамының қанағаттанғысыз болуында. Көмекші комитеттің құрамында Қытай Халық Республикасы, Индия және Чехословакия сыяқты мемлекеттердің өкілдерінің болмауы, сөз жоқ, келісілген қарар қабылдауға жету мүмкіншілігіне керісінше әсер етті.

Алайда, деп мәлімдеді совет өкілі, дүние жүзінің халықтары атом және сутегі бомбалары қолданылатын соғыстың перспективасымен келісе алмайды. Дүние жүзінің халықтары атом және сутегі қаруына тыйым салуды барған сайын қатты және батыл талап етуде. Ол атом және сутегі қаруына тыйым салудың бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған адамдардың өмірлік зор маңызы бар талабы болып саналатынын көрсететін көптеген мысалдар келтірді.

Көмекші комитеттің жұмысының табысты болмауына қарамастан, Совет Одағы атом және сутегі қаруына тыйым салу жолында, қару-жарақты және қарулы күштерді азайту жолында бұрынғына табандылықпен күрес жүргізе беретін болады. Совет Одағы адамзатты апатқа ұшырататын атом және сутегі қаруына қорғауға зор қажырлық жасай отырып, бұл қарудың ешқашан да адамдарға қарсы қолданылмайтын болуы үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

Комиссияның келесі мәжілісі 26 июльге белгіленді.

Пакистандағы реакцияның озбырлығы

ДЕЛИ, 24 июль. (СОТА). Карачиден алынған хабарларға қарағанда, бүгін Пакистанның өкмет орындары батыс Пакистанның барлық провинцияларында коммунистік партияның жұмыс істеуіне тыйым салған. Шығыс Пакистанда Коммунистік партияға провинция губернаторының бұйрығы бойынша осы жылғы 5 июльде тыйым салынған болатын.

Карачиден, Лахордан, Пешавардан және Батыс Пакистанның басқа қалаларынан коммунистердің және оларды жақтаушылардың жаппай тұтқынға алынуы туралы, коммунистік партия ұйымдарының

үйлеріне полицейлік шабуылдар жасалуы туралы хабарлауда. Тұтқынға алынғандардың ішінде Пакистанның коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бас секретарының міндетін атқарушы Фирузуддин Мансур бар.

Карачи провинциясының бас комиссарының арнаулы жарлығында тек коммунистік партияға ғана емес, сонымен бірге қандай болсын бір түрде коммунистік партиямен байланысы бар және қандай атпен болса да аталып жұмыс істейтін барлық басқа ұйымдарға тыйым салынатындығы атап көрсетіледі.

де өз бақылау бағамындағы негізгі өзгерістермен герман проблемасын реттеу туралы жаңа тейміз».

Демократиялық елдердің лагерімен сауданы өрістету үшін

ДЖАКАРТА, 24 июль. (СОТА). Индонезияның кәсіпкер және саяси топтарында Индонезияның демократияшыл елдермен сауда жасауын өрістетуді талап ету күшейе түсуде.

Антара агенттігінің хабарына қарағанда, сауда саясаты жөніндегі мәселе кеше парламентте талқыланған. Парламенттің экономикалық комиссиясының председатели Чувван үкметі Совет Одағымен,

КХДР-мен және барлық халықтық демократия елдерімен берік сауда қатынасын орнатуға шақырды, бұл «Индонезияның тез қалпына келтірілуіне мүмкіндік туғызады».

Газеттер 17 августа Джакартада айылатын халықаралық сауда көрмесіне оған Совет Одағының қатысуына байланысты зор көңіл бөлуде.

Демократияшыл жастардың бүкіл дүниежүзілік Федерациясы секретариатының мәлімдемесі

БУДАПЕШТ, 24 июль. (СОТА). Демократияшыл жастардың бүкіл дүниежүзілік Федерациясының секретариаты (ДЖБДФ) мәлімдеме жариялады, онда былай делінген:

Бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік жастары сегіз жыл бойына Вьетнамды қырығып ұшыратқан соғыстың тоқтатылуы туралы хабарды зор қуанышпен қарсы алды.

ДЖБДФ-ның 83 миллион мүшелері мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің барлық жас достарының сезімін білдіріп, демократияшыл жастардың бүкіл дүниежүзілік Федерациясының секретариаты бұл

маңызды оқығаны құттықтайды; ол бейбітшілік күштерінің үлкен жеңісі, халықаралық шиеленісті босандыру ісіндегі, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту ісіндегі алға басқан жаңа қадам болып саналады.

ДЖБДФ-ның секретариаты Вьетнамның қаһарман жастарын қызу құттықтайды. Ол мұнымен қатар Францияның және Вьетнамдағы соғысты тоқтатуға күш жұмсаған басқа елдердің жастарын да құттықтап, оларды бейбітшілікті қорғау жолындағы қасиетті істе жаңа табыстарға жету үшін онан әрі күреске беруге шақырады.

Облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің Петропавлдағы оқу-өндіріс комбинаты курсанттар алады. Оқуға Отан соғысының 1,2 және 3 группадағы мүгедектері, сол сыяқты 18 жастан 50 жасқа дейінгі, 1 және 2 группадағы еңбек мүгедектері алынады.

Оқу мерзімі 1 жыл. Оқу осы жылғы 1 октябрде басталады. Комбинат етік тігушілер мен киім тігушілер даярлайды. Оқуға қабылданғандар толық мемлекет қамтуында болады. Арыздар осы жылғы 20 сентябрьге дейін қабылданады.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Крепост көшесі, 5 үй. Оқуға қабылдау тәртібі жөнінде қалалық және аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінен түсінік алуға болады.

Солтүстік Қазақстан облыстық Совет атқомінің ұйымдасқан түрде жұмысшылар алағын бөлімі Қарағанды, Жезқазған, Петропавл қалаларында кәсіпорындарында және Солтүстік Қазақстан облысының совхоздарында жұмыс істеу үшін ер және әйел жұмысшылар алады.

Қарағанды қаласында жұмыс істеу үшін шоферлар, автомашина жөндеу жөніндегі слесарьлар, аккумуляторшылар, вулканизаторлар және басқалар КЕРЕК.

Еңбек шартын жасасқан жұмысшыға 600 сомнан 1 мың сомға дейін бір жолғы қайтарылмайтын қарыз, тәуліктік ақы төленеді, сол сыяқты тегін поезд билетімен қамтамасыз етіледі.

Шарт жасасу жөнінде Петропавл қаласында — Папанин көшесі, 98-үйге, селолық жерлерде аудандық Совет атқомдеріне келіп ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын үкілдерден түсінік алуға болады.

Солтүстік Қазақстанның механика техникумы оқу мерзімі қысқартылған күндізгі бөлімнің 3-курсына оқушылар алады.

Оқуға орта мектептің 10 класын бітіргендер алынады. Оқуға түсу үшін мына документтері: кемелеттік аттестаты, туған жылы туралы куәлігі, тұрған жерінен алған және денсаулығы туралы анықтамалары, үш фотосуреті, өмірбаяны болуы қажет.

Оқуға түсушілерден орыс тілі және әдебиеттен (жазбаша-шығарма жазу), математикадан (ауызша, жазбаша) қабылдау емтиханы алынады. Арыздар осы жылғы 10 августқа дейін қабылданады.

Оқу 1 сентябрьде басталады. АДРЕС: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Театр көшесі, 36-үй.

ралы және Европаның барлық халықта шығуға тиіс.

Поляк үкметінің мәлімдемесі

ВАРШАВА, 24 июль. (СОТА). Поляк газеттері мынаны хабарлайды: үстіміздегі жылы 22 июльде СССР Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов пен Великобританияның сыртқы істер министрі А. Иден Женева кеңесінің председателдері ретінде келестің атынан Польшаның үкметінен Вьетнамда, Лаоста және Камбоджада соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімдердің шарттарының орындалуына байқау және бақылау жүргізу жөніндегі халықаралық комиссияларға қатысуды өтінді.

Осыған байланысты Польшаның үкметі үстіміздегі жылы 23 июльде министр В. М. Молотов пен министрі А. Иденге жауап қайтарды, онда Индо-Қытайда соғыс қыймылдарының тоқтатылуы туралы келісімге жетуді құттықтап, бейбітшілікті нығайтуға өзінің үлесін қоюға тілек білдіріп, Польшаның үкметі байқау және бақылау жүргізу жөніндегі бұл халықаралық комиссияларда Польша өкілдерінің қатысуына келісім білдірді.

Иденнің мәлімдемесі

ПАРИЖ, (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Лондоннан берген хабарына қарағанда, Великобританияның сыртқы істер министрі А. Иден кеше Женевадан Лондонға қайтып келген.

Пресс ассоциациямен агенттігінің хабарына қарағанда, Англияның сыртқы істер министрі Иден Лондон аэропортына келгеннен кейін баспасөз өкілдеріне мынадай мәлімдеме жасаған:

«Біздің алдымызда біз орындауға тиісті екі міндет тұрды. Біріншіден, Индо-Қытайдағы ұзаққа созылған және апатты соғысты реттеу туралы қарар шығаруға жету міндеті тұрды және, екіншіден, осындай реттеу жолымен мейлінше күрде

лі жағдай хаушын боддырмауға тиісті болды. Мен Женева кеңесі осы екі міндетті ойдағыдай орындады деп есептеймін».

Келесі «алға басудың маңызды қадам» болды деп атап көрсетті Иден.

Баспасөз өкілдерінің дөңгелек стол жапындағы айқын көрініп отырған табыстар бейбіт жолмен реттеу туралы бұдан былайғы келіссөздерге әжеп соқпай-ма деген сұрағына жауап бере келіп, Иден былай деп мәлімдеді: «сұхның өзі халықаралық шиеленісті белгілі дәрежеде босандыруға жол ашуда тиіс. Мен бұған үміт артатын және бұған сенемін».

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДҮШПАНДЫҚТЫҢ КУИРЕУІ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖОМАРТ ЖАЗ»

Сағат 4-30-да басталады.

Автомобиль транспорты және тас жолдардың облыстық басқармасының автомобиль базасы шарт жасасу арқылы өзінің автомобиль транспортымен қарбұзды, қауынды, тасбабақты колхоз базарларына, темір жол станцияларына жеткізіп беретіндігін барлық колхоздардың, тұтынушылар және кәсіпшілік кооперацияларының есіне салады.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Спирт зауыдының арғы жағындағы автомобиль базасы. Телефон-4-18.

«Казгостройпроекттің» Петропавл бөлімшесіне екі инженер-жобалаушы КЕРЕК. Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

АДРЕС: Ленин көшесі, 25-үй.

Петропавл қаласы, Буденный көшесі, 96-үйде тұрушы Геннадий Григорьевич Семенов Омск қаласы, Ярославский көшесі, 100-үйде тұрушы Александра Ивановна Семеновадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Москва көшесі, 66-үйде тұрушы Владимир Ильич Ветров Новосибирь облысындағы Кузино қаласы, жол қатынас министрлігінің № 8 үйінде, 1-қостерде тұрушы Валентина Миновна Ветровадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Новосибирь облысындағы Кузино қалалық халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.